

БЕКІТІЛДІ:
№1 педагогикалық кеңесте
ТОО «Хан-Төңірі-7» «Балапан» балабақшасы
менгерушісі: Айдарханова Э.С.



**2021-2022 оқу жылына
арналған вариативтік
компоненттің
перспективалық жоспары
«Айгөлек» МАД тобы**

Түсіндірме хат

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халық ауыз әдебиеті.

«Ел болам десең – бесігінді түзе» деген ұлы дана жазушы Мұхтар Әуезов. Ал бесіктен басталатын тәрбиенің бірден-бірі халық ауыз әдебиеті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті ұрпақтапан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылық ғажайып ертегілері, бесік жырлары, шешендік сөздері, аңыз әңгімелері, айтыс, тыйым сөздер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесі, өнер көзі. Ауыз әдебиеті нұсқалары өзінің жасырын сырымен, көркем де күлдіргі бейнелі, ойнақы сөзімен баланы өзіне қызықтырып, еліктіре баурап алатыны, ғажайып дүние әлемімен таныстыратыны ежелден-ақ мәлім, бірақ осы асыл мұра педагогикалық белгілі мақсатқа қолданғанда ғана нәтижелі болмақ.

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары жас бөбектердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарытатуға, тіл байлығын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, балаларды адамгершілікке, тапқырлыққа, еңбекке баулиды.

Қазіргі өркендеген заманымызға сай қазақ халқының рухани байлығы мол, өз тілін жетік білетін, ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетін жете түсінетін бүлдіршін тәрбиелеу – отбасы және балабақша міндеттері.

Бұл бағдарлама болашақ ұрпақтың өз еліне, жеріне, туған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігін мен мақтаныш сезімін ұялатып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттырып, қиялдарын қанаттандырып, ұлттық рухты бойларына сіңіріп, қазақ елінің өркендеуіне өз үлесін қосары сөзсіз.

**«Ел болам десең, бесігіңді түзе» вариативтік компонентің
күнтізбелік жоспары:**

№	Тақырыптар	Мақсаты, міндеті	Сағаты	Қолданылған көрнекіліктер
1	Бесікке бөлеу	Ұлттық құндылықтардың бірі – бесік туралы білімдерін кеңейту, оның ерекшеліктерімен таныстыру.	1	Бесік
2	Әлди-әлди ақ бөпем	Балалардың ойын тілін, эстетикалық білімін дамыту. Бөбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.	1	Бесік
3	Бата беру	Бала тілін дамыту, батаның адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру.	1	Дастархан қасиетті тағам-нан
4	Тұсау кесу	Балаларға тұсау кесу рәсімінің маңдылығын ұғындыру.	1	Тұсау кесуге арналған жіп. Слайд
5	Қаз-қаз бас	Балаларға тұсау кесу рәсімінің маңыздылығын ұғындыру.	1	Тұсау кесуге арналған жіп.
6	Атқамінер тойы.	Атқамінер тойы туралы түсінік беру.	1	Тай-құнанның, ертоқым, жүген, қамшыың суреті.
7	Жұмбақтар	Баланың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу.	1	Жұмбақтар жинағы.
8	Ертегі еліне саяхат.	Ертегі көрінісі арқылы балаларды достық сезіміне тәрбиелеу, таппақ, жұмбақтар айту арқылы тілін, білімін жетілдіру.	1	Ертегі кейіпкерлердің суреттері, бетперделері.
9	Жұмбақта да, суретте	Бала тілін дамыту, өз ойын жеткізе білуге үйрену.	1	Суреттер, муляждар

10	Қазақтың ұлттық оюлары	Қазақтың ұлттық оюлары туралы жалпы түсінік беру. Оюлардың түрлерімен таныстыру. Оюлардың атауларын білу.	1	Қазақ ұлттық оюдың суреттері. Суретін салу.
11	Туған жер, Отан туралы мақал - мәтелдер	Отанды сүйуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.	1	Мақал – мәтелдер жинағы
12	Еңбек етсең ерінбей... еңбек туралы мақал - мәтелдер	Еңбекке тәрбиелеу.	1	Мақал – мәтелдер жинағы
13	Өтірік өлеңдер	Бала қиялын, дүниетанымын кеңейту.	1	Өтірік өлеңдер жинағы
14	Жаңылтпаштар	Бала тілін ширату, сөздік қорын молайту.	1	Жаңылтпаштар жинағы
15	Шешендік сөздер	Шешендердің дуалы сөздерімен таныстыру.	1	Шешендік сөздер жинағы
16	Қазақтың үш биі	Қазақтың үш биі туралы мағлұмат беру.	1	Суреттер
17	Аңыз әңгімелер	Аңыз әңгімелер туралы мағлұмат беру.	1	Аңыз әңгімелер жинағы
18	Жетіқарақшы туралы аңыз	Аспан әлемі, жұлдыздар туралы білімін молайту.	1	Суреттер
19	Қорқыт ата туралы аңыз	Қорқыт атадан қалған – қобызбен таныстыру, оның әуезді үнімен сусындату.	1	Қобыз
20	Тыйым сөздер	Тыйым сөздердің мағынасын ұғындыру.	1	Тыйым сөздер
21	Жеті қазына	Жеті қазынамен таныстыру.	1	Суреттер
22	Армысың, Наурыз!	Наурыз мерекесі туралы мағлұмат беру.	1	Суреттер

23	Ұлыс оң болсын!	Наурыз көже жайлы білімдерін кеңейту.	1	Наурыз көже,суреттер
24	Тұрмыс- салт	Тұрмыс-салтпен таныстыру.	1	Қазақ халқының салт-дәстүрлер жинағы.
25	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш	Балаларға Ы.Алтынсаринның «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін оқып беру. Үлкендерді сыйлауға, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
26	Алдар көсе мен бай	Жақсылыққа тәрбиелеу.	1	Ертегі туралы бейне таспа
27	Үкілі домбыра	Балаларды ұлттық аспап домбыра және оның құрылысымен таныстыра отырып,танымдық қабілеттерін жетілдіру.Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге,мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелеу.	1	Домбыра,сыбызғы, шаңқобыздың суреттері.
28	Халқымыздың батырлары	Балаларға батырлық, ерлік туралы түсінік беру. Бала бойында батырлық, жігерлік, қасиеттерді қалыптастыру.	1	Халық батырларының суреттері, олардың қаруларының, киімдерінің суреттері.
29	Ерте, ерте, ертеде...	Ертегілер туралы мағлұмат беру.	1	Ертегілер жинағы
30	Ұлттық ойындар.	Ұлттық ойындар арқылы балланың қимыл-қозғалысын дамыту,ептілік,тез шешім қабылдау, жылдамдық,төзімділікке баулу	1	Белбеу, қап,жалау, арқан, орамал, қоржын, асықтар.
31	«Бес ешкі» ертегісі	«Бес ешкі» ертегісі оқылып мазмұны ашылады. Ертегіні тыңдай	1	Бес ешкінін ұнтаспасы, ертегі

		отырып баланың қиялын дамыту және байланыстыра сөйлеуін қалыптастыру. Суреттер арқылы балалардың тілін, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.		кейіпкерлерінің бетпердесі.
32	«Алдар Көсе мен ертегісі»	Балаларға Алдар Көсе туралы түсінік беру. Ертегі бойынша қойылған сұрақтарға дағдыландыру. Ертегімазмұнын өз қиялымен баяндауға диалогты сөйлеуге үйрету.Есте сақтау қабілетін тіл байлығын ой-өрісін дамыту. Рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.	1	Ертегі кейіпкерлерінің бетперделері,суреттері.
33	«Түлкі мен қоян» (ертегі)	Ертегіні сурет бойынша әңгімелету, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру; балаларды адамгершілікке, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері мен ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі
34	Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)	балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, мағынасын айтып түсіндіру, ертегінің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау әрекетін дамыту, ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету,	1	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері мен ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі

		балаларды адамгершілікке, имандылыққа мейірімділікке тәрбиелеу.		
35	Әжемнің ертегілері	Балалардың ертегі түсініктерін кеңейту, тілдерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін сахналап үйрену.	1	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері мен ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі
36	Сиқырлы тон (қазақ халық ертегісі)	Балаларды қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру. Тапқырлыққа тәрбиелеу, балалардың ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.	1	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері мен ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі

Қолданылған әдебиеттер

- 1.Қазақ ертегілері. «Шикула және К» 2006ж.
2. «Қуырмаш». «Алмам кітап» баспасы. 2012 ж.
- 3.Көркем әдебиет хрестоматиясы. «Алматыкітап» баспасы. 2005 ж.
- 4.Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. «Аруна» баспасы.
5. «Балақай, жұмбақ жасырып үйрен!» «Алтын алқа» баспасы 2001 ж.
- 6.Балабақшаға арналған әдеби-хрестоматиясы

Тақырыбы: «Бесікке бөлеу»

Мақсаты: Бесік туралы жалпы ұғым беру. Бесік жабдықтарының атауымен таныстыру. Жұбату әндеріне түсінік беру. Салт-дәстүрдің бүгінгі күнде қолданылуы, пайдасы, сұрақ-жауап арқылы тіл байлығын дамыту. Ұлтжандылықты, өнегелі сөздерді бойына сіңдіру, бөпеге деген сезімді өз ана тілінде жеткізіп, қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Ұлттық бұрыш. Бесік жабдықтары. Ұлттық киімдер (буклеті).

Тәрбиешінің қызметі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Жылы лебіздер айтқызу. Балалар, бүгінгі оқу қызметімізді ойын түрінде өткіземіз. Қызықты болу үшін мен қонаққа әжейді шақырдым. Әжейдің киімі қандай әдемі, біз суреттерден, теледидардан көріп жүргендей. Кәзір апаларың бұлай киімбейді. Тақтадағы суреттерге қарайықшы (Ұлттық киімдер).

Балалар, бүгінгі күні көбімізді апаларымыз тәрбиелеп отыр, өйткені мамаларың жұмыста, сондықтан да сендерге сеніп апаларыңның қасына тастап кетеді.

Себебі, үлкендер өте ақылды, бізге үйретері көп, бізге бар мейірімін береді, бізді жақсы көреді. Бізде кішкентай бөпе болдық, сол кезден апаларымыз бізді тәрбиелеуді мамамызға үйреткен. Бүгін әже бізді бесікпен таныстырады. Әжей балаларға бесіктің қолданылу тәртібі жайлы түсінік береді.

Бесік жабдықтарының атауларымен таныстырады.

Әже таныстыра отырып, бесікті іс жүзінде қалай пайдалану керектігін көрсетеді.

-Енді, бесікті жайлаптербете отырып, жұбату, әндерін айтамыз. Олар өте көп, себебі қазақ бар жақсыны балаларға арнаған.

Бүгін өте қызықты күн болды, көп нәрсе үйрендік. Енді, ойын ойнауға дайындалайық. Әжейдің айтқанын есте түсірейік.

Дәо «Тез ойла, сөз ойла»

Мақсаты: Бесік жабдықтарының атауын еске сақтау, тапқырлық, шапшаңдыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Бесік туралы, бесік жабдықтардың атауларын білді.

Түсінеді: Жұбату әндерін салт—дәстүрінің түсінігін игерді.

Қолданады: Ұлтжандылықты, қамқорлықты, өнегелі сөздерді бойына сіңірді.

Тақырыбы: Әлди-әлди ақ бөпем!

Мақсаты: Бесік жырлары туралы жалпы түсінік беру. Балалардың ойын, тілін, эстетикалық білімін дамыту. Бөбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Көрнекілік: Бесік, бесік жыры жинағы.

Тәрбиешінің қызметі

Шаттық шеңбері:

Армысыз, алтын күн!

Армысыз, қайырымды Аспан-Ата!

Армысыз, мейірімді Жер-Ана!

Күліп шықты күн бүгін!

Қуанайық, шаттанайық бәріміз.

-Балалар, өткен сабақта «бесікке салу» тақырыбымен таныс болдық. Төле би атамыз айтқандай: «Баланың бесігі-кең дүниенің есігі»-деген екен.

Өткен оқу қызметіміздегі «Бесікке бөлеу» тақырыбын еске түсіруін ұсыну.

-Бесіктің құрал-жабдықтарын атаңдар?

- Ал, енді мен сендерге жұмбақ жасырам.

1.Сәбиге сәнді үй-әжеге ән мен күй.

2.Бесікке іледі,

Өнінде, дәмінде сәбилер біледі.

—Енді бесікті алып Әйгерім қуыршақты бесікке бөлейік.

Бесік жырлары туралы әңгімелеп беру.

Балаларға деген ана махаббаты «бесік жырлары» арқылы берілген. Ана бөбегін бесікке бөлерде ең алдымен жырын айтады. Онда ана өзінің баласына деген сүйіспеншілігін:

Мойнымдағы маржаным,

Қорадағы мал-жаным.

Бесігіңе жата ғой,-

Тәтті ұйқыға бата ғой,- деп білдіреді.

Балам жатсын бесікте

Пәлесі қалсын есікте, - деп пәле-жаланы өлеңмен аластайды.

Бесікке бөлеп болған соң оны тербетіп ұйықтату керек, жәй ғана тербетпейміз оған бесік жырын айтып береміз.

Әлди-әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін.

Бай құтанның құйрығын

Жіпке тағып берейін

Жаудыраған көзіңнен

Ұйықтай қойшы, бөпешім

Әлди-әлди, әлдиді,

Әлди біздің қалғиды.

Қорытындылау.

Балалардан сұрақ-жауап алу арқылы қорытындылау. Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Бөпеге деген сүйіспеншілік қалыптасты.

Түсінеді: Бесік жыры туралы жалпы түсінік алды.

Қолданады: Бесік жырын мәнерлеп жатқа айтуға .

Тақырыбы: Бата беру .

Мақсаты: Балаларға батаның адам өміріндегі маңыздылығын

ұғындыру.Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге баулу.Елге сүйспеншіліктерін арттырып, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс:Бата беру, салт-дәстүр.

Тәрбиешінің қызметі

Шаттық шеңбері.

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Бата беру» -

Балалар, үйге қонақ келсе міндетті түрде аналарымыз дастарқан жайып күтеді. –Енді ән тыңдайық

Ән: «Дастарқан». – Балалар, әнде не туралы айтылған?-Иә, дұрыс айтасындар дастарқан мерекелі, берекелі деген.

Көркем сөз:

Алға жайып тұз- дәмін,

Келтіреді үй сәнін.

Ол халқымның ақ наны.

Кең пейілді арайлы ,

Осы жерден тарайды.

-Дастарқанға бірінші қойылатын қасиетті тағам – нанды қояды. Әрдайым ас ішіп болғанда бірінші тұрып кетпеу керек.Үлкендерді күту қажет.Асты ішіп болғансоң үйдің үлкен адам ас қайтарып бата береді.Батаны алғаш рет мектеп табалдырығын аттар алдында, алысқа шығар алдында, екі жас отбасын құрғанда береді.Көбіне батаны үлкен ақсақал аталар, асыл әжелер береді.Батаны тыңдағанда алақанды жаю керек. Бата соңында бетті сипайды, яғни қабыл болсын дейді.

Нақыл сөз оқу.

«Бата мен- ел көгерер.

Жаңбырмен – жер көгерер»

-демекші үлкендерден көп бата алсаңдар жолдарың ашық, бақытты боласындар, батада бар жақсылықты айтады.Бұл біздің салт-дәстүріміз. «Жақсы сөз,жағым ырыс» яғни жақсы сөз айтсаң бәрі жақсы болады. –Енді мен сендерге бата оқып берейін сендер қолдарыңды жайындар.

Қортындылау:-Балалар, оқу қызметіміздің тақырыбы қандай? –Батаны кімдер береді?

-Батаны қай кезде береді?-Жарайсыңдар,балалар. Енді мен сендерге үй тапсырмасын берем. Бата беру сөзін жаттап келеміз. Балаларға бата беру сөзін таратып беру.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Батаның адам өміріндегі маңыздылығын

Түсінеді: Батаның қай кезде беретінін

Қолданады:Елге сүйспеншілік, жақсы сөйлеу, жақсы сөздер айту.

Тақырыбы: Тұсау кесу.

Мақсаты: Балаларға халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан

салт-дәстүрінің бірі тұсау кесу рәсімінен таныстыру, тұсау кесу жырының маңыздылығын түсіндіру, салт-дәстүрді құрметтеуге, адамгершілікке, мейірімділікке, тазалыққа үйрету.

Көрнекіліктер: Тұсау кесу рәсімінің суреттері.

Тәрбиешінің қызметі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Бір-біріне жылы лебіздерін айтқызу. -Балалар, біз өткен оқу қызметімізде бесікке бөлеу рәсімімен таныстық. Ал бүгінгі оқу қызметімізді тақырыбы: халқымыздың салт-дәстүрлерінің бірі – тұсау кесу. Әдетте сәби аяғын тәй-тәй басып жүре бастағанда оның тұсауын кеседі. Ата-әжелеріміз бұл ырымға қатты көңіл бөлген, өйткені баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болу осы тұсау кесуге байланысты деп шешкен.

Баланың тұсауы ала жіппен кесіледі. Ала жіппен тұсау кесу баланың келешекте ешкімнің ала жібің аттамай, адал болып өссін деген ниеттен туған. Шашу шашылып, ән айтылады. Сәбиді жүгіріп, жүргізеді. Барлық ырымдары жасалады.

Бүгінгі бізге қонаққа әже екі келінімен және немересімен келді. әжеміз немересінің тұсауын кесіп, бұл рәмізді бізге толығымен көрсетіп, түсіндіру береді.

Балаларға сұрақтар қою. Мадақтау кезеңі.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Тұсау кесудің бала өміріне маңызын.

Түсінеді: Тұсау кесуді не үшін жасау керек екенін түсінеді

Қолданады: Салт-дәстүрге құметпен қарайды.

Тақырыбы: Қаз- қаз бас... (тұсаукесер жырын жаттату).

Мақсаты: Балаларға тұсаукесер жырының мағынасын түсіндіру. Балаларды

имандылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Тәрбиешінің қызметі

Шаттық шеңбері.

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу, бір-біріне жылы лебіздерін айтқызу.

Тұсаукесу халқымыздың салт-дәстүрінің бірі екенін білдік. Бала 1 жасқа толғанда, қаз тұрып жүре бастайды. Осы кезде ауылдағы әжелер мен қыз-келіншектер жиналып, ойын-той жасап шаруаға икемді, пысық, еңбек сүйгіш бір келіншекке жас баланың тұсауын кестіреді. Тұсаукесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жіппен тұсау салып жатып:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,

Тұсауынды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,

Тақымынды жаз, балам...

Тай-құлын боп шаба ғой,

Озып бәйге ала ғой, - деп өлеңдете отырып ала жіпті қайшымен қияды да, баланы 3-4 қадам жүргізеді. Тұсаукесер тойындағы тілек-ниет-баланың өмірге аттаған қадамын құптау, жақсы тілек тілеп, елге қадірлі азамат болсың дегенді білдіруден туған. Міне, балалар тұсаукесер жырымен таныс болдық. Енді осы тұсаукесер жырын жаттап алайық, деп тұсаукесер жырын жаттату.

Д/о: «Ойлан да аяқта».

Шарты: тәрбиеші сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемді аяқтайды.

Мысалы: ат шабады, ал қарлығаш

Қозы

Сиыр

Мысық

Ит

Сабақты қорытындылау:

-Жарайсыңдар балалар, тұсаукесер жырын жаттап, ойын да ойнадық. Бәрін де белсене қатысып, ойынды қызықты ойнадыңдар.өрнекіліктер:
Тұсаукесерге арналған жіп.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: тұсаукесу рәсімінің маңыздылығын.

Түсінеді: халқымыздың салт-дәтсүрін құрметтеу.

Қолданады: тұсаукесу жырын үйренеді.

Тақырыбы: Атқамінер тойы.

Мақсаты: Атқа мінер тойы туралы жалпы түсінік беру. Балаларды адамгершілікке, жауапкершілікке, ер мінезге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Дидактикалық материал, тай-құнаның, ер-тоқым, қамшы, жүген суреттері.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбері.

Балалар, шеңбер бойы дөңгеленіп тұрып бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік!

-Балалар, қазақтың салт-дәстүрлері көп.

-Кәне, есімізге түсірейік. Қазақтың қандай салт-дәстүрін білесіңдер?

-Дұрыс айтасыңдар.

-Бүгін тағы бір салт-дәстүрдің бірі «Атқамінер».

Ер бала 4-5 жасқа толғанда әкесі оған тай-құнан арнап, ер-тоқым, қамшы, жүген дайындап қояды. Тақтадағы көрнекілік суреттерді таныстыру. Сөйтіп атқамінер тойын жаз айларында өткізеді. Ел жиналғаннан кейін баланы өзіне арналған тай немесе құнанына мінгізіп, қуаныш қылады. Тойда айтылатын тілектер, берілетін бата жыр түрінде болады:

Ақ тілек, ақ тілек,

Атқа тоқым сал, тілек

Жасыңнан малды баға біл,

Атқа жақсы шаба біл.

Өнеге өнер таба біл,

Аймағыңа жаға біл

Тең құрбыңның алды бол,

Мінеки, атқа міндің ашылды жол.

Атқамінер тойы баланың ержеткені, өскені, азамат болғандығының белгісі болып саналады. Бұл той балаға да үлкен жауапкершілік артып, тез есеюіне әсер етеді.

– Балалар, осы атқамінер ақ тілегін жатқа білейік,- деп жаттату.

Қ/О: «Қыз қуу».

Ойын шарты: ойынға бір қыз, бір ұл шығады. Олар атқа мінеді. Қыз бала қашады, ұл бала қыз баланы қуады, ұстап алуға тырысады. Ұстап алмаса қыз ұл баланы қуып, қамшымен сабайды.

-Балалар, міне тағы қазақтың салт-дәстүрімен таныс болдық.

-Сұрақ-жауап алу арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: атқамінер тойы туралы білді.

Болу керек: жаңа сөздің болуы.

Үйрену керек: үлкен болып өскенде жауапкершілікке, атқа мінуді, өнеге өнерлі.

Тақырыбы: Жұмбақтар.

Мақсаты: Балаларға жұмбақ туралы білім беру, шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.

Көрнекілік құралдар: Жемістердің, көкөністердің муляждары

-Балалар, жұмбақ шешкенді жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар әр түрлі болады. Олармен жақынырақ танасу үшін мен сендерді жұмбақ көрмесіне шақырамын.

Көрмедегі заттармен таныстырып шығу. -Жұмбақ халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Әр жұмбақта заттың аты аталмайды, оны ойлап, не туралы айтылғандығын табу керек. Жұмбақтың оңай жолмен табу үшін, ұқсайтын затпен салыстырады.

Ойын: «Жыл мезгілін тап»

Жауып жаңбыр, жер сабыр,

Шөп, жапырақ солады.

Бұл қай кезде болады?

Суда мұз бар, жерде қар бар,

Боран борап соғады.

Бұл қай кезде болатын?

Күн ұзарып, қар еріп,

Су сайларға толады.

Бұл қай кезде болады?

Күнде ысып, жеміс, жидек пісіп,

Ел пішенін орады.

Бұл қай кезде болады?

-Өте жақсы балалар. Тағы бір ойын ойнайық. Ойын: «Жануарларды тап»

Шарты: Тақтаға екі суретті іледі. Бірінші суретте орманның, екінші суретте үйдің суреті бейнеленген. – Балалар, мен жұмбақты жасырамын, оның шешуіндегі шыққан жануардың мекендейтін жерін, қорегін табасыңдар.

Өзі қу, әрі айлакер,

Жүрген жері айқай шу.

Тонын киіп туған,

Жалап бетін жуған.

Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады.

Тіл ұстарту.

Ян- ян- ян

Жүгіріп жүр шаян

Бұл қоян емес – шаян.

Ян – ян –ян

Жүгіріп жүр қоян

Бұл шаян емес- қоян.

Сергіту сәті: «Аю»

Орманда аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп, теріп аламыз,

Қалтамызға саламыз.

Әр желінің асты толған көк қоян,

Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.

Жер бетінде шашы бар,

Жер астында басы бар.

Сырты тәті, іші тәті,

Ортасындағы сүйек қатты.

Ойын: «Төртінші артық» -Тақтада төрт сурет тұр. Сендер сол суреттерге мұқият қарап артығын табыңдар. Мысалы: алма, өрік, жүзім, сәбіз. Артығы сәбіз, себебі , ол көкөніске жатады. Ал қалғандары жемістер.

Қорытындылау. Белсене қатысқан балаларды мадақтау.Үйге тапсырма. Сүйікті жануардың суретін салып келу.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жұмбақтың түрлерін біледі.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

Тақырыбы: Жеті қазына.

Мақсаты: Балаларға жеті қазына туралы білім беру, шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.

Көрнекілік құралдар: Жеті қазына қатысты суреттер

Балалар, «Жеті» дегенде сендерге қандай ой келеді?

1 аптада неше күн?

Жеті атаңды білесіз бе?

Жеті ұрпақ деп кімдерді айтады?

Оқушылар берілген мақал-мәтелдерде не туралы айтылған?

Бір аптада 7 күн бар.

- Жұмада 7 шелпек пісіреді.

- Жеті ата бар

- Жеті ана бар

- Жеті ұлттық аспап бар

- Жеті ғаламшар бар

- Жеті қазына бар.

- Қазақ халқының ұғымында жеті санының қасиетті, киелі сан екендігін білесіңдер ме?

- Қазақ халқында жеті саны киелі деп есептелген. Себебі, орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жұлдызға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17- ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті санының қасиеттігіне байланысты болған. Қайтыс болған адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу жетімен байланысты. Наурыз көжеге де жеті тағам салып пісіреді.

1. «Ер қанаты -

ат» деген қанатты сөз бар. Халқымыз төрт түлік малдың ішінде жылқыны ерекше бағалаған. Жылқының етін, қазы-қартасын жеп, қымызын ішкен, терісін пайдаланған. Жау шапса, бір-бір атқа мініп, дұшпанына тойтарыс берген.

2. Тазы – иттің бір тұқымы. Тазы итпен ата-бабаларымыз аң аулаған.

Тазы –

артық қырым еті жоқ ит. Онымен қасқыр, түлкі, қарсақ ұстаған. Ит адамға қолқанат болып, мал күзеткен.

3.

Ертеде аталарымыздың үйінде найза, айбалта, қылыш, мылтық болған. Д

ұшпандарын мылтықпен жеңген. Батырларымыз жауға осы қару – жарақпен шыққан.

4.

«Ер ел қорғаны» дейді дана халқымыз. Кең байтақ жерімізді, өзен, көл, орманымызды, көгілдір тауларымызды жаудан қорғап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ер бабаларымыздың өте болған, ол Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Р айымбек батыр, Жәнібек батыр т.б.

5. Әйел -

ол ана, жар, апа, қарындас. Ажарына ақылы сай, мінезге бай, еріне сүйеу бола білген, үйдегі балаларын мәпелеп, тәрбиелеп өсірген. Жақсы әйел - әрбір отбасының ұйтқысы, ырыс-берекесі.

6. Қыран бүркітті ата-

бабаларымыз балапан кезінен баулап, аң аулауға үйреткен. Қанаты қатайғанда қасқыр, түлкіге салған. Ал қасқыр, түлкінің терісінен тымақ, ішек, тон жасап киген.

7. Адам баласы пайда болғалы ілім-

білімге ұмтылып келеді. Осының арқасында машина, трактор, радио, теледидар, ұшақтар, компьютер дүниеге келді. Сондықтан ілім-білім, ғылымды игерсең еш қор болмайсыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жұмбақтың түрлерін біледі.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

Тақырыбы: Жұмбақта да, суретте.

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, өз ойларын жеткізе білуге үйрету; табиғатты, қоршаған ортаны бақылап, аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбері.

-Балалар, бізге қонақ болып Тазша бала келіп отыр. Қонаққа, бір-бірімізге жылы лебізімізді.

Күндей жадырап,

Айдай арайлап,

Жұлдыздай жарқырап,

Судай мөлдір, таза көңілмен,

Бүгінгі күнімізді бастайық.

-Сәлеметсің бе, Тазша бала төрлетің!

Тазша бала балалармен амандасып өзінің келген себебін айтады.

Тазша бала:

- Балалар, мен сендерге жұмбақтар жинағын әкелдім, оны жәйғана шешіпқана қоймай суреттеңдер. Бірінші жұмбақ туралы әңгімелеп беремін.

Жұмбақ- ауыз әдебиетінің ертеден кележатқан бір түрі. Ол балалардың жастайынан қиялдай білуге, табиғатты, қоршаған ортаны бақылап, аңғарымпадыққа, тапқырлыққа баулыды. Жұмбақтың тақырыбы әр түрлі болып келеді. Ол адамның күнделікті өмірінде кездесетін үй

Құралдары, төрт түлік мал, ойын-

сауық аспаптарына арналған.

Енді сендерге жұмбақ жасырамын шешуін тауып, суреттейсіңдер.

Кішкентай ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

Сақалы жоқ, шашы бар,
Бет- аузы жоқ, басы бар.
Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.
Белін бекем байлаған
Қоқысты қоймай айдаған.
Кесе, шыны, пиала,
Оларсыз шай құя ма?
Қасықсыз тамақ жемейді,
Бәрінің атын не дейді?
Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады.
Жаздай тынығады,
Қыстай зымырайды.
Күн ашықта құр тұрамын,
Бұлтты күні қыдырамын.

-Жарайсыңдар, балалар. Менің сендерге әкелген ойыным бар.

Д/о: «Бөлшектен бүтін құра».

Ойын шарты:

Қиынды суреттерден бүтін сурет құрайды.

Тазша бала: -Жарайсыңдар, балалар, өте тапқыр, шапшаң екенсіңдер. Мен кетейін, сау болыңдар!

-Міне, балалар өздеріңді тапқықыр, шапшаң екендеріңді көрсеттіңдер, ойындыда жақсы ойнадыңдар.

Көрнекіліктер: Жұмбақтар жинағы.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: жұмбақтың түрлерін білді.

Болу керек: жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: сұрақтарға толық жауап беріп, жұмбақтың шешуін табады.

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық оюлары.

Мақсаты: Сабақты қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру. Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету.

Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер, қажетті құралдар: Киіз үй, үй жабдықтары әже суреттері; түрлі түсті картоннан қиылған ұлттық киім-кешектер мен жиһаздардың пішіндері; тіс пастасы, дымқыл шүберек.

Сөздік жұмыс:

Ұлттық оюлар, ою-өрнек.

Педагогтің іс-әрекеті

Шаттық шеңбері.

Армысың шұғылалы алтын күн!

Армысың мейірімді жер ана!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

Бәріміз күндей жарқырайық!

Бәріміз тату дос болайық!

Жыл мезгілі туралы; апта күні туралы сұрақтар қою.

өткен сабақты қайталау.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-

Аптаның қай күні?

-Жарайсыңдар балалар.

-Ендеше бүгін біз қазақтың ұлттық оюларымен таныс боламыз.

Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады.

Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз.

«қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді.

Тақпақ жаттату:

Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз»

Орын алар тұрағы, көрпе - киіз.

Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде

Көз тартып құбылады оюымыз.

Қызықты сәт:

Киіз үйде тұратын Әженің үйіне қонаққа бару.

Әженің тапсырмасы:

Жұмбақ.

Кіруге адам батпайды

Затыңды аман сақтайды.

Текшелеп төрге

Жиғаным не?

-Балалар! Қараңдаршы, әжеміздің киім-кешектеріне, жиһаздарына не жетіспейді?

-Олай болса әженің киім-кешектері мен жиһаздарына ою - өрнектермен безендіріп берейік.

Біздер бүгін әдеттегідей бояумен немесе түрлі - түсті қарындаштармен салмаймыз.

Бүгін біз кәдімгі тіс пастасымен, саусақтарымызбен саламыз

Тәрбиеші алдымен өзі үлгі ретінде көрсетеді.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық

Қылқаламды қояйық

Қолымызды созайық

Оңға қарай иіліп,

Белімізді жазайық.

Айналаға қарайық

Отырайық, тұрайық

Бір тынығып алайық.

Тынығып біз болған соң

Әсем сурет салайық

Қимылдық ойын: «Тақия тастамақ».

Қорытындылау, сұрақтар қою, тақпақты қайталау. Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: қазақтың ұлттық бұйымдарымен және ою-өрнектерін.

Болу керек: ою туралы тақпақ жаттау арқылы оюларды тану.

Үйрену керек: өлеңді жатқа айтып, қошқар мүйіз сөздерінің мағынасын үйренді.

Тақырыбы: Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер.

Мақсаты: Балаларды өз Отанын, туған жерін сүйуге тәрбиелеу, сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ана сүтімен сіңген ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Үлгі суреттер, бейнефильм, глобус, мақал-мәтелдің жинағы.

Күннің көзі ашылып,

Көкте шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге.

–Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жылы лебізімізді білдірейікші.

Әрқашан күн сөнбесін!

-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбына байланысты сендерді бейнефильм көруге шақырамын. Фильмді көресіңдер ме?

-Балалар, біз қай республикада тұрамыз? Демек біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы.

-Біздің ел ордамыз қай қала?

-Неліктен біз Отанымызды мақтан етеміз?

-Отан туралы тақпақ білесің ме?

-Жарайсыңдар балалар! Ал, Отан туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?

-Балалар, Отан, ел, туған жер туралы мақал-мәтелер өте көп. Жаңа мақал-мәтелдермен таныстырып, жаттатқызу.

Отан – қуат,

Отбасы – шуақ.

Егеменді елдің еңсесі биік.

Ел іші алтын бесік.

Туған жердің түтіні де тәтті.

Ер – жалғыз,

Ел – көп.

Отансыз адам,

Ормансыз бұлбұл.

-Жарайсыңдар балалар, өз Отанымызды, туған жерімізге деген сүйіспеншілігімізді білдіріп, мақал-мәтелдерді жатқа білдік.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Өз Отаны, елі, жері туралы мақал-мәтелдер білді.

Болу керек: Туған жерге деген қызығушылықтары болады.

Үйрену керек: Ана сүтімен сіңген ана тілін құрметтеу.

Тақырыбы: «Еңбек етсең ерінбей...». Еңбек туралы мақал-мәтелдер.

Мақсаты: Балаларға мақал-мәтелдер туралы білім беру шығармашылық ауыз әдебиетімен таныстыру, сөздік қорларын байыту.

Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Еңбек туралы мақал-мәтелдер жинағы.

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Шаттық шеңбері.

Армысыз, қайырымды Аспан ата!

Армасыз, мейірімді Жер Ана!

Армысыз, Шұңылалы Алтын Күн!

Қане, балалар бәріміз қолымыздан ұстап, бір-бірімізге жылуымды берейік. «Еңбек етпеген адам ішім-жемге жарымайды, еңбектенген адам ішім-жемнен тарылмайды», — дейді халық даналығы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дәл осындай сөздердің мәнін одан әрі тереңдетіп, саналы адамдарға сәуле түсірердей етіп тұжырым жасап берді. Нақтылап айтқанда, ол: «Әлемнің әміршісі – еңбек.

Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек», — деп, қазақ халқын ел игілігі жолында табанды еңбек етуге шақырып, тәуелсіздіктің тұтқасын еңбекпен ғана ұстап тұруды ұғындырды. Расында да, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалға ешқандай дәлелдің қажеті жоқ, айқын қағида. Еңбек туралы мақал-мәтелдермен таныс болайық.

Еңбек етсен ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Еңбек түбі – береке,

Көптің түбі – мереке.

Бейнетің қатты болса,

Тапқаның тәтті болар.

Еңбексіз тапқан мал,

Есепсіз кетер.

Қолы қимылдағанның,

Аузы қимылдар.

Еңбегі ештің,

Күні кеш.

Қорытынды:-Міне, балалар көптеген еңбек туралы мақал-мәтелдермен таныс болдық. Нақтылап айтқанда, ол: «Әлемнің әміршісі – еңбек.

Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек».

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: еңбек туралы мақал-мәтелдерді білді.

Түсінігі: еңбек етсен ғана жеміс өнбек, қиындықты жеңбек екенін түсінді.

Көрсете білу: еңбек туралы мақал-мәтелдерді игерді.

Тақырыбы: Өтірік өлеңдер.

Мақсаты: Балаларға өтірік өлең туралы жалпы түсінік беру. Өтірік өлең күлкілі, қызықты сюжетке құрылатынын айту. Балаларды ақылдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Өтірік өлеңдер жинағы.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Ертеңгілік шеңбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Салем дейік үлкенге.

-Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы « Өтірік өлеңдер»

-Балалар, өтірік өлең деген – қазақ ауыз әдебиетіне ғана тұрмыстық өлең түрі. Өтірік өлең күлкілі, қызықты сюжетке құрылады. Балаларды тапқырлыққа, ойын дамытқан. Бұл өлеңдерде суреттелетін нәрселердің бәрі адамның көз алдындағы заттардан, шындықтан, жұртқа түсінікті көріністерден алынады. Бірақ олардың іс- әрекеті, қарым-қатынас, атқаратын қызметі шындыққа келмейтін, адам сенбейтін болуы керек. Сонда ғана ол өтірік өлең деп аталады.

-Балалар, мен сендерге өтірік өлең оқып берейін.

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,

Екпініне шыдамай жерге түстім...

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,

Той қылып, мың масаны сонда сойдым.

Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,

Нансаңыз өмірімде бір рет тойдым...

-Қане ,бәріміз қайталайық!

-Бұл өлеңнің өтірігін айтындаршы?

-Дұрыс айтасындар.

Ұстап –ап құмырсқаны сапар шектім,

Тау кезіп, өзен кешіп,өтер көп күн.

Жеткенде Антрактида мұқитына

Жағалап жиегіне сәбіз ектім.

Бірде піл мен маса екеуі күресті,

Ала алмай жүр екеуі де үлесті.

Көреміз деп олар салған қызықты,

Соңдарынан құмырсқалар ілесіпті.

Бір жылы айдаһармен күнге бардым,

Алтын-күміс дегенді теңдеп алдым.

Қайтарда айдаһарым шаршап қалып,

Құлаудан Құдай сақтап әрең қалдым.

Қарап едім жоғары,

Маймыл ұшып барады.

Ұшып жүрген маймылды

Тышқан ұстап алады.

Сергіту сәті:

Дөңгеленіп тұрайық,

Керегені құрайық.

Уықтар боп иіліп.

Киіз үйді құрайық

-Енді қызықты ойын ойнаық.

Д/О: «Сандық».

Ойын шарты:қызыл,сары,жасыл түске боялған асықтар сандық ішінде жа тады. Әртүрлі тапсырмалар болады.

Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешкізеді.

Сары асық алған мақал- мәтел айтады.

Қызыл асық алған бала тақпақ, өлең айтады.

Қорытындылау.

Сұрақ – жауап алу.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Өтірік өлең күлкілі,қызықты сюжетке құрылатынын білді

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Өтірік өлеңдермен танысып, жаттауға үйренді.

Тақырыбы: Жаңылтпаштар.

Мақсаты: Ауыз әдебиетінің бір түрі екенін, жаңылтпаштың әр сөзі шап-шан, тез-тез айтылуы тиіс екенін айту. Бала тілін ширату, сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: Жаңылтпаштар жинағы.

Шаттық шеңбері

Балалар, шеңбер бойы дөңгеленіп тұрып бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік!

-Балалар, бізге қонаққа Дымбілмес келді.

Дымбілмес

балалармен амандасып, жаңылтпаш жинағын алып келіпті.

-Қане

балалар жаңылтпаштармен танысайық. - Жаңылтпаш деген не?

- Енді осы сұраққа жауап берейін деп, балаларға жаңылтпаш туралы түсінік беру.

- Жаңылтпаш деген-халық

ауыз әдебиетінің бір түрі. Жаңылтпаш айту үшін әр сөзді бұзбай дұрыс айтуы мақсат етіледі және тіл ұстарту, сөздің дыбысталуын нақты айту, шап-шан, тез-тез айтылуы тиіс. Егер жаңылтпаш айтушы адам сөздерді дәл келтіріп айта алмаса немесе аздап жаңылып кетсе-онда күлкілі болмақ.

— Ал

енді балалар Дымбілместің жаңылтпаш жинағымен таныс болайық.

1.Көк тырна, көп тырна,

Тыраулап тек көп тұрма.

2.Бір қыз кесте тікті,

Кестесін түсте тікті,

Кеште тікті.

3.Ұшқыш жақсы ма?

Үш құс жақсы ма?

Ұшқыш та жақсы.

Үш құс та жақсы.

4.Бес түп алма

Бестік алғандікі.

Төрт түп алма

Төрттік алғандікі.

- Әр баламен жеке жұмыс жүргізу. Айта алмаған балаларға бір неше рет қайталатып жаттату.

Д/о: «Сандық».

Ойын шарты: қызыл, жасыл, сары түске боялған асықтар сандықтар ішінде жатады. Әр түрлі тапсырмалар болады. Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешкізеді. Сары асық алған мақал-мәтел айтады. Қызыл асық алған тақпақ айтады.

-Балалар,Дымбілместіңдеқайтатынуақытыболыпты.

Дымбілмес: Балалар, бүгін сендермен жаңылтпаш туралы көп білдім және де қызықты ойын ойнадым. Сендер өте тапқыр, шапшан балалар екенсіңдер. Енді менде жаңылтпаштарды біліп жүремін. Сау болыңдар балалар!

- Жарайды Дымбілмес бізге де сенің әкелген жаңылтпаштар жинағы ұнады. Бізге жиі қонаққа келіп тұр. Жарайсыңдар бүгінгі сабаққа жақсы қатыстыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жаңылтпаштардың түрлерін білді.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасынын болуы.

Үйрену керек: Жаңылтпашты жаңылмай айту.

Тақырыбы:Шешендік сөздер.

Мақсаты: Шешендік сөз туралы жалпы түсінік беру. Шешендердің дуалы сөздерімен таныстыру. Балаларды терең ойлау қабілеттерін дамыту, ұтқыр шешім қабылдауға, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Шешендік сөздер жинағы, хрестоматия.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбері.

-Балалар шаттық шеңберіне тұрып, жүрекшені бір-бірімізге беріп, шын жүректен жылы лебіздерімізді білдірейік.

-Нұрай, судай таза бол!-деп жүрекшені бір-біріне береді.

Абай атамыз айтқандай:

Ақылмен ойлап білген сөз-

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз-

Бар тамырды қуалар.

Шешеншік сөз деген қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры. Шешендік сөздер алғашқы үлгілері халық ауыз әдебиеті туындыларында ертегі, аңыз әңгімелерде, өлең-жырларда кездеседі. Ертеде шешендік сөздер өнер мектебі болған. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалаған. Ертедегі қазақтың шешендері ол: Жиренше шешен, Бөлтірік шешен, Асан қайғы, Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би, Шалкиіз, Дулат, т.б. Шешендік өнерімен шешен билер қазақ халқын жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігімізді қорғап алып қалды. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға үйретеді. бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліне билет пе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінін біл,»- деп айтқан. Нағыз шешен сөзге шебер болу емес, ойланып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, батыл, сөз сайысында саспайтын, сабырлы болу қажет. Қазақ шешендерінің есімі, олардан қалған асыл сөз мың-мыңдап халық аузында сақталған.

Д/о: «Сандық».

Ойын шарты: Қызыл асық алған бала жаңылтпаш айтады. Жасыл асық алған бала мақал-мәтел айтады. Сары асық алған бала шешен билерді атайды

-Қандай шешен билерді білесіңдер?

- Шешен болу үшін қандай болу керек?Сұрақтарға толық жауап берген балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Шешен билерді.

Болу керек: Тапқыр, батыл, ақылды, сабырлы болу.

Үйрену керек: Шешендік сөздер туралы.

Тақырыбы:Қазақтың үш биі.

Мақсаты: Қазақтың үш биі туралы мағлұмат беру.

Балаларды шыншылдықа, әділдікке ,кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Үш бидің суреті.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

-Балалар, шеңберге тұрып жылы лебізімізді білдіреміз!

-Нұрай, ақылды бол!-деп жүрекшені бір-біріне беріп лебіздерін айту.

-Балалар, бүгін қазақтың үш биімен танысамыз.

Тақтаға үш бидің суретін іліп таныстыру.

-Балалар, ертеде халқымыздың басқаратын басшылар болған.Ел қамын ойлаған ерлері, сөзін сөйлеген,әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болған.

Би – халықтың көкейіндегі айтқан,ойын сыртқа шығарып әділет танытқан

Қазақтың атақты билері олар Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Олардан қалған асыл сөздері мыңдаған халықта сақталған.

Төле би Әлібекұлы Тараз обылысында Жайсаң жайлау деген жерде дүниеге келген. Төле би арап тілін жақсы бәлген. Әке тәрбиесінің арқасында билікке ерте араласқан.Алғыр-тапқырлығымен, әділдігімен көрініп,жер дауы,жесір даына араласқан.Әйгілі билерден бата алған.Жүзге келген Өнет баба ел бірлігі, ынтымақ жайында айтып берген.

Төле бидің асыл сөзі «Отбасының берекесі, ердің ырысы, жақсы болса-елдің басшысы» деп әйелдің орнын өте жоғары бағалаған.

Төле бидің нақыл сөздері:

Жаңбыр жаумаса, жер-жетім,

Басшысы болмаса, ел- жетім,

Ұқпасқа айтқан сөз-жетім...

-Қаздауысты Қазыбек би- ол шешендігімен көзге түскен.Ол халқымызға ауыр күн туғанда алғырлығымен, білгір көсемшілігімен ел намысын қорғаған. Қазыбек би сыйластық, татулық,қадырмендік маңызды мәселелерді шешкен.

Қазыбек бидің нақыл сөзі:

«Ашу- дұшпап, ақыл –дос,

Ақылыңа ақыл қос»

Сергіту сәті:

Иілеміз оңға бір,

Иілеміз солға бір.

Жоғары, төмен қаймыз Орнымызды табамыз.Әйтеке би-қазақтың әйгілі де айбарлы билерінің бірі.Ол Тәуке ханның тұсында өмір сүрген.Ісімен, сөзімен зор үлес қосқан.Әйтеке би жастайынан дау-дамай, талас- тартыста суырылып шығып, тілмар шешендігімен елді таңғалдырған.

Қазақ дәстүрінде кім де болса аталы сөзге тоқтаған.Сөзге құлақ қойып тоқтай білу де даналық саналған. Қазақ билері бұл дәстүрді құрмет тұтқан.

Би- шешендер қасиеттері:

Елші,заңгер, психолог, ақын, шешен ,с аясаткер, тәрбиеші, ойшыл, ғалым.

Д/О: «Кім жылдам»

Ойынның шарты: Бірнеше билердің суретін ілу,соның ішінен үш биді ажырату.

Сұрақ –жауап алып оқу қызметін қорытындылау.

-Қазақтың үш биін атаңдар? Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Қазақтың үш биін.

Болу керек: Нақыл сөздердің мағынасын түсіну.

Үйрену керек: Шыншыл, әділ,сыйлы,тату болуды.

Тақырыбы: Аңыз әңгімелер.

Мақсаты: Аңыз әңгімелер туралы мағлұмат беру. Аңыз әңгімелер қазақ халқының оқиғасын шындық өмірден алынғанын айту. Аңыз әңгімелер тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, кішіпейілдікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Аңыз әңгімелер жинағы.

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Шаттық шеңбері.

Кел, балалар, күлейік

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйген не керек,

Көңілді болып жүрейік.

-Қане, бәріміз бір- бірімізге қарап күлімдейік.

-Енді орнымызға отырамыз.-Балалар, «Аңыз» туралы әңгімелеп беремін.

Аңыз деген – тарихта болған белгілі адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты болады. Мұндай адамдар ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауға, ел аузында аңыз әңгімеге айналады, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген.

Аңыздар ертеде де, одан кейін де болып отырған. Ел арасында аңыздағы айтылатын оқиғалармен іс- әрекеттер ақиқат яғни шындық деп қабылдаған.

Мысалы: Қорқыт ата, Өз Жәнібек хан, Жиренше шеше, Асан қайғы, Қожанасыр т.б. туралы аңыздар.

Қожанасыр әңгімелерінің негізгі тартымдылығы- оның тапқыр, сөз арқылы күлдіріп, жанды жадыратады. Ол жомарт, ақкөңіл, әзілкеш адам болған. Қазақтың Қожанасыры- кейіпкер ретінде Адаркөсе. Адаркөсе өзінің ақылдылығы мен тапқырлығы арқасында халыққа пайдалы әстерді жасап жүреді. Ол күлдіре отырып адамдарды жақсылыққа, адамгершілікке шақырады. Ол сөз арқылы нақты адам кемшіліктерді мойындатады.

Сонымен Қожанасыр, Адаркөсе, Жиренше шеше, Асан қайғы сияқты өздерінің ісімен, сөзімен, халыққа жасаған қызыметімен ел есінде қалғандықтан – оларды аңыз адамдар дейміз.

Ендеше, бәріміз «Адаркөсе» ертегісін көрейік.

Ертегіні көріп болған соң ертегіні сахналайды.

Оқу қызметіне белсене қатысқан, ертегіні сахналаған балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: аңыз туралы жалпы мағлұмат білді.

Болу керек: жомарт, ақ көңіл, ақылды, шыншыл болу.

Үйрену керек: елге жақсылық жасауға, қыйындықта қол ұшын беруге.

Тақырыбы: Жетіқарақшы туралы аңыз.

Мақсаты: Аспан әлемі, жұлдыздар туралы білімдерін кеңейту. Жетіқарақшы туралы мағлұмат беру. Қоршаған табиғаттың сыр сипатын біле ғана қоймай, табиғатты қорғау жолына үйрету, экологиялық тәлім беру, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Көрнекіліктер: Жетіқарақшының, шоқжұлдыздардың суреттері.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбері.

Күннің көзі көрін бізге,

Күннің көзі көрін бізге,

Жылуынды бер бізге.

Жануарларға, құстарға және балаларға.

-Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінің тақырыбы: «Жетіқарақшы туралы аңыз». Ертеде қазақтар кең далада мал бағу, көшіп қону, жолаушы жүру, аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт-бағдарды белгілеп қоныс, құдықтарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп отырған. Себебі, ертеде сағат болмаған. Әр айдағы шұғұл өзгерістерін алдын ала есептеп жұртқа хабарлап отырған. Аспанда жұлдыздар өте көп. Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттарыда өздерінің малшылық өмірінен алынған. Қазақтар жұлдызды аспан картасын Темірқазық, жетіқарақшы т.б. Қазақтардың бәріне таныс шоқжұлдызы-Жетіқарақшы.

Ол-шөміш фигурасын құрастыратын жеті жарық жұлдыз тобы.

«Жетіқарақшыны таныған, жеті қараңғы түнде адаспас» дейді қазақтар.

Ұйғырлар «Жеті ұры» дейді. «Жетіқарақшы» атауы ерте замандарда шыққан.

«Жетіқарақшы Үркердің қызын ұрлапты» дейтін ертегі де бар. Сол себептен

«Қарақшы» сөзі дәл мағынасында «тонаушы», «ұры» ретінде түсіндірілген.

Ай көрінбеген сағатта көзге түсіп, аз да болса жарық беретін, жалғыз жүрген

адамдарға сүйеу болатын осы жеті жұлдыз. Олар әр түн сайын үнемі

аспанның бір жағынан көрінеді, түні бойы жарқыра тұрады. Демек,

Жетіқарақшы жеті ұры емес, жеті күзетші қорықшы, қарап тұрушы деген.

Қ/О: «Қолшатыр».

Шарты: «Күн ашық» деген де балалар көңілді жүгіріп жүреді. «Жауын басталды» деген де бәрі қолшатырдың астына жиналады.

-Міне, балалар бүгін жетіқарақшы туралы аңызды білдік. Не себепті жетіқарақшы деп аталғанын да білдіңдер.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жетіқарақшы-шоқжұлдызы туралы білді.

Болу керек: Табиғатқа деген сүйіспеншілігі.

Үйрену керек: Табиғатты қорғау.

Тақырыбы:Қорқыт ата туралы аңыз.

Мақсаты: Балаларға қорқыт ата туралы мағлұмат беру.Қорқыт атадан қалған қобызбен таныстыру,оның әуенді үнімен таныстыру.

Көрнекіліктер:Қорқыт атаның, қобыздың суреттері,үнтаспа.

Шаттық шеңбер.

Кел, балалар ортаға

Үлкен шеңбер құралық.

Қол ұстасып бәріміз,

Әр қашан дос болайық.

Қол ұстасып бір-бірімізге,

Күлімдей арап, қуаныш сыйлайық.

-Балалар, бізге қонаққа Білімпаз келіп отыр.

-Сәлеметсің бе Білімпаз, төрлет біздің балаларға қандай жаңалық әкелдің?
Білімпаз:

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Мен сендерге Қорқыт ата туралы аңыз әңгіме әкелдім.

-Сендер білгендерін жөн. Ендеше мұқият тыңдаңдар! Қорқыт туралы аңызды әңгімелеп беремін. Қорқыт дүниеге келген күні бүкіл дүние сұмдық қиналып, азапталғандай күй кешеді. Аспанда қара бұлт басып, күн күркіреп, найзағай жарқылдап, олай-дүлей болады. Елдің бәрі қорқыныш сезеді. Осы оқиға ел өлең жолдарын сақтаған:

Қорқыт туған кезінде

Қара аспанды су алған

Қара жерді күл алған

Ол туарда ел қорқып,

Туған соң әбден қуанған.

Қорқыт туа саласымен,

соққан жел тыйылып, бұлт тарқап, күн сәуле шашады, дүние нұр-шуаққа малынып кетеді. Табиғат өзгеріп жақсылыққа бөленді деп: «Бұл бала бізді қорқытып туылған үшін Қорқыт болсың!» деп оның есімін Қорқыт қояды. Жылдар өтіп, ер жетеді. Ол бір күні түс көреді. Түсіне оған ақсақалды әулие ата келіп аян береді: «Ей, Қорқыт тұр орнынан! Менің айтқанымдай саз

аспабын жаса. Бұл аспаптың үлкендігі алты жасар түйенің асықты жілігіндей болсын. Аспаптың аты-Қобыз. Осы қобыз сені сапар шексен жолынды ашады, жолына жарық түсіріп, сәуле шашады, өзінді пәле-жаладан сақтайтын желеп-жебеуші серігін болады. Сөйтіп Қорқыт қобызын жасайды. Қорқыт қобызда ойнағанда ұшқан құс, жүгірген аң, соққан жел тына қалып, қобыз төккен күйге құлақ қояды.

-Балалар, Қорқыт атамыздың күйін тыңдайық.

Д/о: «Аспапты тап!».

Ойын шарты: әр түрлі аспапта ойналған әуенді тыңдатып, аспаптарды ажыратып айту.

Қорытындылау.

-Білімпаз, саған көп-көп рақмет. Қорқыт ата туралы білдіңдер, қызықты ойында ойнадыңдар. Келесі кездескенше сау болыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Қорқыт ата туралы аңызды білді.

Болу керек: жаңа сөздің болуы.

Үйрену керек: Қорқыт ата дүниеге келгендегі ел аузынан шыққан өлең жолдарын жатқа үйренді

Тақырыбы: Тыйым сөздер.

Мақсаты: Тыйым сөздердің мағынасын ұғындыру. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Тыйым сөздер жинағы.

Шаттық шеңбері.

Арайлап тан атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы күн, балалар!

-Балалар, бізге Білімпаздан хат келіпті. Білімпаз бізбен өзінің білімін бөліскелі жатқан екен. Ол «Тыйым сөз» туралы мәлімет жіберіпті және біраз тыйым сөздер жазып жіберіпті. —

Ендеше осы тыйым сөздермен таныс болайық. Тыйым сөздер – қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі. Бұл сөздер есі кірген балаларға, жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтап отырған.

Мысалға, тізені құшақтау-жалғыз қалудың, қолды төбеге қою-ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу-әдепсіздік, асты төгу-ысыраптың белгісі деп таныған және ерсі істерге тыйым салған.

Мысалы:

Дастарханды, тамақты баспа.

Кемтарға күлме.

Бос бесікті тербетпе.

Өтірік жылама.

Бетінді баспа.

Жақын адамына пышақ сыйлама.

Үлкенен бұрын сөйлем.

Үлкенен бұрынтамақжеме.

Рұқсатсыз үйге кірме.

Қызды ұрма.

Малды теппе.

Үйде ысқырма.

Тандайынды қақпа.

Көздерінді жыпылықтатпа.

Ернінді шығарма.

Жаман әдетті үйренбе.

—Ал, балалар бойымызды сергітіп жаттығу жасап жіберейік.

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар.

Кегелілері керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп керілер.

—Енді ойын ойнайық.

Д/О: «Кім жылдам?».

Шарты: допты қағып алып, тыйым сөздерді атау.

—Жарайсыңдар, балалар! Ойынды жақсы ойнадыңдар.

-Міне, Білімпаздың хатымен таныс болдық. Көптеген тыйым сөздермен танысып, жатқа білдік. Тыйым сөзді балалар әдепті, кішіпейіл, адамгершілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: тыйым сөздерді білу.

Түсінігі: үнемі тыйым сөздерді есте сақтап, әдепті болу.

Көрсете білу: үлгілі, өнегелі болуға үйрену.

Тақырыбы: «Армысың, әз Наурыз!»

Мақсаты: Өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру; өлеңді өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу; мерекелік көңіл күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету; балаларды табиғаттың әсемдігін сезіне білуге, адамгершілікке, имандыққа тәрбиелеу. Көрнекіліктер, қажетті құралдар: Наурыз мерекесіне арналған суреттер, жұмыс дәптері, түрлі түсті қарандаштар, слайд.

Шаттық шеңбері

Наурыз келді, балалар,
Көктегі қыр, жағалар.

Наурыз тойын тойлайық.

Жаңа жылда, ағалар!

Кіріспе әңгіме

-Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі-көктем де келді. көктемде Жер-Ана, табиғат-барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша мерекелердің бірі - Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлаймыз. –Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігі неде деп ойлайсың?
-Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың!» өлеңімен танысамыз.

Өніп екен дәніміз,
Бүршік жарды бағымыз.

Сәскеде жаз, түнде қыс,
Секілді екен Наурыз.

Өлең шумақтарын қайталата отырып жаттау.

Сөздік жұмыс

Сәске – түс мезгілі. Секілді сөзі ұқсайды деген мағынаны білдіреді.
Билингвальді компонент:

Наурыз мерекесі – праздник Наурыз.

Сұрақ – жауап:

-Балабақшада Наурыз мерекесінде қандай ұлттық ойындар ойналады?
-Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіндер?

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.

Кіп – кішкентай ағаштар,

Үп – үлкен болып өседі.

-Наурыз мерекесінде не көрдің, қайда бардың?

Дәптермен жұмыс

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу.

«Табиғатпен сырласу» ойын жаттығу.

Балалар арасынан жолбасшы тағайындалады. Балалар бірінің артынан бірі шеңберге тұрып, жолбасшының қимылын қайталайды:

Өзеннен өту,

Тауға өрмелеп шығу,

Шалшық сулардан өту,

Ашық алаңға жетіп, қуанып демалады.

Наурыз мерекесінің ерекшелігін балалардың өз ойларымен толық айтып беруін сұрау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Наурыз мерекесін еске түсіріп, көргендерін айтады.

Болу керек: өлең шумақтарын жаттап отырып, Наурыз мерекесі ұлттық мереке екенін түсінеді.

Үйрену керек: өлеңді жатқа айтып, сәскеде, секілді сөздерінің мағынасын айтып береді.

Тақырыбы: «Ұлыс оң болсын!».

Мақсаты: Наурыз мерекесімен таныстыру. Наурыз көже туралы түсінік беру, оның қандай дақылдан әзірлейтінін түсіндіру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Үлкенді құрметтеу, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Наурыз мерекесінің суреттері, дәндердің суреттері.

Шаттық шеңбер.

Ұлыстың ұлы күні Наурызда-сәлемдесу, төс қағыстыру, өкпе-назды ұмыту, кешіру керектігін түсіндіру. -

Армысыздар!

-Ұлыс оң болсын!

-Ақ мол болсын!

-Қайда барсаң жол болсын!

Ежелгі салт түстір бойынша қазақ халқы жаңаа жылды Наурыздың 22-сі күні қарсы алады. Бұл күнді – «Наурыз» мерекесі деп аталады. Балаларға Наурыз тойына әзірленетін Наурыз көже туралы әңгімелеу.

–Балалар, Наурыз көже Ұлыстың ұлы күні әзірленетін ас.

Ыдыстағы алдын ала салынған жеті түрлі дәнді көрсете отырып, (сүт, айран, қатық, қысқы соғым еті, бидай, тары, күріш) төмендегідей сұрақтар қойылады. Тақтаға дәндердің суретін іліп таныстыру.

–Мынау не? (дәндер: күріш, бидай, тары).

–Мынау не? (сүт, айран, қатық).

–Сүт, айран, қатық бізге не береді? (сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы).

–Олар бізге тағы не береді? (ет, жүн).

–Төрт түлік малдың өнімдерін қосып Наурыз көже жасайды. Наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосылған. Наурыз көже аса қасиетті ас саналады.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еселеп.

Кіп-кішкентай балалар,

Үп-үлкен боп өседі.

Сюжетті рөлді ойын:

«Азық-түлік дүкені».

Ойын барысында тағамдар туралы түсініктерін бекітіп, Наурыз көжеге арналған дәндер керектігін айтады.

Билингвальды компонент: Мереке-праздник, жаңа жыл-новый год, жылқы, ат-лошадь, түйе-верблюды. –Балалар, енді «Наурыз той» Ә.Табылдиевтің өлеңін жаттап алайық.

Күн мен түн теңелді,

Жер шуаққа кеңелді.

Соны тойлар ал енді,

Наурыз тойы салтымыз.

«Көгерсін» деп халқымыз,

Көшеге тал егеді.

Қорытындылау:

«Біз нені білдік?»

-Наурыз көже - аса қажетті ас. Наурыз көже – жеті түрлі дәнмен

дайындалады. Наурыз мерекесінде адамдар бір-біріне деген өкпе – ренішін кешіреді. Наурызда жақсы тілектер айтылады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Наурыз көже - аса қажетті ас.

Болу керек: Наурыз мерекесінде адамдар бір-біріне деген өкпе реніш кешіреді.

Көрсете білу: Наурыз көже жеті тағамнан, сүрленген еттен жасалатынын.

Тақырыбы: Тұрмыс - салт.

Мақсаты:

Туған елдің салт-дәстүрлермен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру.

Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімін дамыту.

Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елімнің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Демонстрациялық материалдар, ұлттық бұйымдар (сандық, бесік, алаша, торсық, т.б.), табаққа салынған шашу, қуыршақ, қарындаш.

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Шаттық шеңбер.

«Үй сыртында қолағаш» ойыны.

Тәрбиеші ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады.

Тәрбиеші мақалдар оқиды:

Атадан бала туар, ата жолын қуар.

Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге.

Мақалдың мағынасын қалай түсінуге болады!

Билингвальды компонент: салт-дәстүр-традиции и обряды, ұрпақ-поколение, ата-баба-предки, бесік-колыбель, бесік жыры-колыбельная песня.

Ұрпақ, ата-баба сөздеріне сөздік жұмысын жүргізеді.

Ұрпақ-тұқым, жұрағат, нәсіл, келешек ұрпақ.

—Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген.

Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрлерді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз салт-дәстүрлер туралы болмақ. Салт-дәстүр дегеніміз- белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер.

Суреттерге назар аудару.

Мына суретте жаңадан туған нәрестені бесікке бөлеп жатыр. Бұл-қазақ халқының ежелден келе жатқан «бесікке бөлеу» дәстүрі. Суреттен тағы нені байқауға болады?

Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп, ұйықтату үшін «бесік жырын» айтады. Сендердің аналарын ұйықтатар алдында қандай бесік жырын айтады?

«Бесікке бөлеу» ойыны.

Тәрбиеші алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Бесік жырын айтады:

Менің балам қайда екен?

Асқар-асар тауда екен.

Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен.

Алмасынан, кәнеки,

Жаңа теріп жүр екен.

Қызыл алма қолында,

Қыздар оның соңында.

—«Бесікке бөлеу» - кішкентай бала үшін маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу қызметінен алған білімдерін пысықтау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: қазақ халқының салт-дәстүрлерін сахналайды.

Түсінігі: салт-дәстүрлердің маңызын; ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді құрметтеуді.

Көрсете білу: бесік туралы, бесік жабдықтардың атауларын.

Тақырыбы: Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.

Мақсаты: Балаларға Ы. Алтынсаринның «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін оқып беріп, мәтінін жақсы түсініп, есте сақтауға мүмкіндік туғызу. Сөз және буын туралы түсінік беру. Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекілік құралдар: ертегі ұнтаспасы, ертегі кейіпкерлерінің суреттері, бетпердесі.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбер.

Амансың ба, алтын күн,

Амансың ба, көк аспан.

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем, қуанам.

-Балалар, мен сендерге «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін айтып берейін, сенер мұқият тыңдандар.

Атасы он жасар баласынан сұрайды:

-Анау өрмекшіні көріп тұрсың ба?

-Көремін, өрмек тоқып жүр.

-Анау құмырсқаны көремісің?

Көремін, аузында бір наның ұнтағы бар, жүгеріп кетіп барады.

Жоғары қара, көкте не көрінеді?

-Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында көлденен тістеген шөбі бар. Сонда атасы, олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер өрмекші, маса, шыбынға тұзақ құрып жүр. Құмырсқа бір нанның ұнтағын тауып, қуанып үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя жасау үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сенде жұмыс істеуге әдеттен. Жәндік болсада олар еңбек етіп жүр, өз тамағын өздері асырайды.

-Балалар, сендерде еңбек етіндер, жалқау болмандар. Енді құмырсқа, өрмекші, қарлығаш деген сөздерді шапалақтау арқылы буынға бөлейікші.

-Құ-мырс-қа.

-Өр-мек-ші.

-Қар-лы-ғаш.

-Енді салаларға бөлініп жұмыстар жүргізейік:

1.Қатынас саласындағы балалар сурет бойынша әңгімелейді.

Магнит тақтаға А-та деп жазады.

2.Шығармашылық саласы бойынша құмырсқаның суретін салады.

3.Таным саласы бойынша құмырсқа, өрмекші, қарлығаштың суреттерін қиындыларынан құрастырады.

4.Әлеуметтік салада бидай мен күріштің өсу жолдарын зерттейді.

Сергіту сәті:

Қасқыр ағаш жарады, Түлкі кілем қағады,

Елік тамақ пісіріп,

Қоян нанды жабады.

Кірпі көйлек тоқиды,

Тиын сабақ оқиды.

Балалардан қай салада жұмыс жасағандары туралы сұрау.

Д/о: «Өрмекшінің торына нелер ұқсайды?».

Мұнан соң балалар жұмбақ, тақпақ, еңбек туралы мақалдар айтады.

Қорытындылау:

Сөз, буын туралы қайталап сұрақтар қояды. Әңгіме желісі бойынша балалар сұрақтарға жауап береді. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балалар марапатталады.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: еңбек ұғымы туралы білуі тиіс.

Болу керек: сөздерге талдау жасау, сурет бойынша әңгіме құрастыру.

Үйрену керек: еңбек туралы мақал-мәтелдер.

Тақырыбы: Үкілі домбыра.

Мақсаты: Балаларды ұлттық аспап домбыра және оның құрылысымен таныстыра отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге, мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: домбыра, сыбызғы, шаңқобыздың суреттері

Жылулық шеңбер. Амандасу. Дауыстың ашылуына арнайы жаттығулар жасау:
А-о-е-е-е.

Сәлем сұлу саз әлемі

Домбырасыз сән қайда.

Домбырасыз ән қайда.

Туған өлке төрінде

Күмбірлеп күй төгілсін

Өнеріміз өрге өрлесін!

Балалар бүгін біз қазақтың ұлттық аспабы домбырамен танысамыз. Белгілі қазақтың күйшілері: Құрманғазы, Дина жайында айтып, қазіргі күйшілер: Сәкен Тұрысбеков, Асылбек Енсеповтар таныстыру.

-Балаларды тақтадағы домбыраның суретіне назарын аударту және құрылысымен таныстыру.

-Мынау, қазақтың ұлттық аспабы -домбыра. Ата-бабаларымыз домбырасыз жүрмеген. Тойларда, мерекеде домбырамен көңілдерін көтеріп небір күйлер, күй шертіп айтысқан. Енді домбыраның құрылысымен танысайық.

-Құлағы, мойны, ішек, шанақ, тиек және домбыраның мойнында 7 нота белгіленген. Қане, осы 7 нота үнімен танысайық.

-До, ре, ми, фа, соль, ля, си.

-Тағы да қазақтың ұлттық аспаптары бар. олар: дауылпаз, сыбызғы, асатаяқ, шаңқобыз, т.б. суреттерін іліп көрсету.

Тосын сәт:

Алдаркөсе келді.

-О, балалар, сәлеметсіңдер ме. Бүгінгі сендердің оқу-ісәректтеріне келіп отырмын. Мына мен домбыра құлағын бұрап, мойындағы перделерін, үшектерін түзеп, күй шерткенді ұнатамын. Астымдағы тұлпарымды күй қойылса болды, көселеп шапқысы келеді де тұрады. Күй «Адай» тыңдау. Алдар: Мына күйден бойым жадырап, Саржайлау есіме түсіп кетті ғой, мен сендерге құр алақан келген жоқпын, сыйлығым бар. Сендер Құрманғазы

аталарындай күйші болсың деп, домбыра қобдишасын алып келдім. Қане тілек айтып, домбыраны көбейтіп, беруін сұрайық. Қане, кім қандай жұмбақ жасырады.

Ұзын мойын, екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсен бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.

-Бұл не?

Д/о: «Бұл қай аспап?».

Шарты: қима аспаптар суретін құрастыру және атауын атау.

Қорытындылау:

-Қандай күйшілерді білеміз?

Ұлттық аспаптарға қандай аспаптар жатады?

-Сонымен балалар, бүгін сендер ұлттық аспаптарымен таныстыңдар.

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: домбыра аспабының құрылысын.

Түсінеді: күйшілер жайлы түсініктері.

Қолданады: ұлттық аспаптарды ажырата білуді.

Тақырыбы: Халқымыздың батырлары.

Мақсаты: Балаларға батырлық, ерлік туралы түсінік беру, бала бойында батырлық, жігерлік, қасиеттерді қалыптастыру. Отанды, елді сүйі білуге үйрету. Рухани Отан сүйгіштік сезімді дамыту, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Көрнекіліктер: «Халық батырларының» суреттері, батырлардың киімдері, қару-жарақтары.

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Шаттық шеңбер.

Қол ұстасып тұрайық,

Шаттық шеңбер құрайық.

Мен отанды сүйемін,

Сенде отанды сүйесің!

Мен анамды сүйемін,

Сен де анаңды сүйесің!

Мен әкемді сүйемін,

Сен де әкеңді сүйесің!

Көтеріп бір көңілді,

Шаттықпенен күлеміз.

Дос, бауыр боп бәріміз,

Тату-тәтті жүрейік!

-Балалар, сендер «Батыр» деген сөзді естідіңдер ме?

-«Батыр» деп қорықпайтын, акүші көп, ержүрек, елді, жерді қорғайтын үлкен ағаларды айтамыз. Батыр болу үшін Отанға, анаға, бауырға деген сүйіспеншілік керек. Ендеше, балалар, бүгін біз «Батырлар» ауылына барамыз. Ауылға тезірек жету үшін, жүйрік тұлпарға мінейік. Батырдың серігі «Ат» екенін білесіңдер. Қане атқа мінейік. Айт шуу, ал жануар кеттік! Ұнтаспадан шауып келе жатқан аттың дүбірі естіледі.

-Ал, балалар ауылғада келіп қалдық. Атымызды шетке байлайық.

Қане, жан-жағымызға қарайықшы. Не көріп тұрсыңдар?

Ертеде, балалар, қазақ жеріне ниеті жаман адамдар (оларды жау деп атаған) келіп, кең байтақ жерімізге қызыққан. Сол кезде әрбір ауылдан батыр ағалар

шығып, жоқ, мен елімді, жерімді жауларға бермеймін деп, қолдарына қылыш, найза ұстап, атқа қонған. Елін, жерін жаудан қорғаған. Ол батыр ағалар мына суреттерде қарандар (батыр ағалардың суретімен таңыстыру).

-Ал сендер қандай батырларды білесіңдер?

Бөгенбай батыр, Қобыланды батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр т.б.

-«Батыр» деген сөз неше дыбыстан құралады?

«Батыр» сөзін буынға бөлейік. Енді осы сөзге сөйлем құрастырайық. «Батыр» деген сөз 5 дыбыстан құралады.

Ойын: «Батырлар».

Үстіне сауыт киген, қолында найзасы бар батыр кіреді.

-Амансыңдар ма, қарақтарым!

Қан майданда қайраттанып, арыстандай айбаттанып, қолға семсер ұстаған, елді қорғаған батырмын.

-Армысыз, батыр аға! Біздер болашақ ұрпақтарыңыз боламыз! Сіздің ел қорғаудағы ерлігіңіз бүгін әлемге әйгілі.

Батыр:

Бәрекелді, бәрекелді, батырлық тек күште ғана емес, жүректе. Анаңды, бауырыңды, жеріңді шың жүекпен сүйе білсең, оларды кез келген ниеті жаман адамдардан қорғай аласыңдар.

—Батыр аға, келешек ұрпағыңыз өз Отанын, өз елін, туған жерін қалай құрметтеп сүйетінін мақал-мәтелдер арқылы жеткізгісі келеді.

1.Батыр мың қол бастайды,

Шешен сөз бастайды.

2.Батыр туса, ел ырысы,

Жаңбыр жауса, жер ырысы.

3.Ерлік білекте емес, жүректе.

4.Батыр ел үшін туады,

Ел үшін өледі.

Енді батыр ағамызға өзімізді күшті, епті екенімізді «Арқан тарту» ойыны арқылы көрсетейік.

-Ал, балалар! Мынау қонақтардың алдында өз елімізді, Отанымызды сүйіп, оны қорғайтынымызға ант берейік! Батыр ағамызға арнап, жақсы, жылы сөздерімізді айтайық.

Батыр:

Өте жақсы, балалар. Отанымызды, жерімізді қорғайтын ұл-қыздары болыңдар, -деп бата беріп шығып кетеді.

Қорытынды.

-Балалар, батыр ағамыздың үстінде қандай киім болды? -

Батырдың киімі менқұралдарын кім атап береді?

-Сауыт, дулыға (баскиім), найза, қылыш, қалқан.

Келешекте Отанды, елді, жерді қорғайтың азаматтар нағыз сендер боласыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: балалар өз елін, Отанын қорғай білу қасиеттерін меңгерді.

Болу керек: еліміздің қорғаны, батыр ағаларымыздың игі істерін қастерлей білу дағдыларын игерді.

Үйрену керек: батыр болу білекте емес, жүректе екенін.

Тақырыбы: «Ерте, ерте, ертеде...» (қайталау)

Мақсаты: суреттер бойынша өткен ертегілерді еске түсіре отырып, ертегі жанрының ерекшелігін, мазмұнын айтып жеткізу; балалардың ойлау, қиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылығын арттыру; балаларды кішіпейілдікке, мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер, қажетті құралдар: өтілген ертегілердің суреттері, жұмыс дәптері, түрлі түсті қарандаштар, слайд.

Шаттық шеңбері

«Ертегілер» әнімен балалар оқу іс-әрекетін бастайды.

Педагог балаларды төрт топқа бөледі. Әрбір топқа топ атын қояды. (Атын ертегі кейіпкері атымен де қоюға болады).

Тапсырма берілген ұяшықта сандар бар. Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. Сол ашылған ұяшықтан ертегінің суреті шығады.

Балалар ертегінің қалай аталатынын табу керек.

Тапқан топ ертегіні рөлге бөлініп ойнап береді.

Сөздік жұмыс

Ертегі-қызықты әлем дегені-ертегі оқиғасы біз өмір сүріп жатқан әлемге мүлде ұқсамайды. Аңдар адамша сөйлейтін, адамша іс-әрекет жасайтын қызықты әлем дегенді білдіреді.

Билингвальді компонент:

ертегі – сказка.

Сұрақ-жауап

-Қандай ертегілерді білесің?

-Түлкі туралы қандай ертегі білесің?

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қарлығаш боп ұшайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Жақсы сергіп қалайық.

Дәптерімен жұмыс

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу.

-Ертегіні дұрыс ата.

Педагог балаларға өтілген ертегілер суретін көрсетеді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: өткен ертегілердің атын, кейіпкерлерін, олардың іс-әрекеттерін еске түсіреді.

Түсінеді: әрбір өткен ертегінің мазмұнын қайталайды, түсінеді.

Қолданады: ертегі кейіпкерлерін рөлге бөлініп ойнайды, мақал-мәтелдер айта отырып қайталайды.

Тақырыбы: Қазақстан халқының ұлттық ойындары.

Мақсаты: ҚР аумағында өмір сүретін ұлт өкілдері атауларын бекіту. Түрлі халықтың екі-үш ойынның үйрету. Қазақтың ұлттық ойындары туралы түсінікті бекіту. Шыдамдылыққа, достаса білуге және достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Қап, белбеу, жалау, қоржын, орамал, асықтар. Шаттық шеңбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып,

Құтты қонақ келіпті

Төріме міне еніпті.

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой,

Ал, балалар қанекей,

Сәлем дейік үлкенге.

Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ұлттық ойындардың түрлерімен танысамыз. Әр ұлттарының өз салты, дәстүрі, ұлттық киімдері, тағамдары болады. Енді ұлттық ойындарға тоқталамыз. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай өнер бала бола ма?» - деп Абай атамыз айтқан. Бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ұлттық ойындар арқылы халық әртүрлі жаттығулар жасау арқылы дене шынықтыру негізін қалайды. Ұлттық ойындар халық қазынасы. Ұлттық ойындар кейіннен спорттық ойындарға ұласты. Спортпен шұғұлданған бала күшті де, батыл, төзімді, сымбатты, икемді болып өседі. Дене тәрбиесі баланы жан-жақты жетілдіріп, ден саулығын нығайтып, елін қорғауға дайындайды және өмірге керекті дағдыларды игеріп, өз беттерімен жаттығып, ұйымдасып, шынығып үйренеді. Ойын деген-баланың жан серігі. Сендер ойынмен өсесіндер. Балаларға ұлттық ойындардың түрлерімен таныстыру: «Арқан тарту», «Айгөлек», «Теңге алу», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Бел күрес», «Алтыбақан» тағы да басқа түрлері көп. Ұлттық ойындарға қатысты өлең жолдарын жаттайық. «Алтыбақан» деген - үлкен әткеншек. Алыбақанды Наурыз тойында тебеді. Осы Алтыбақан тебілгенде айтылатын өлең жолын оқып бересейін:

«Алтыбақан»авторы О.Асқар

Алтыбақан тебеміз,

Жеткенде көкке тебеміз.

Көтеріліп биікке,

Алыстарды көреміз.

Кім қызықса - «кел» дейміз,

Кезектесіп тербейміз.

Бірімізге-біріміз

Көмектесіп өрлейміз.

Көкке жетіп тебеміз,

Алтыбақан тебеміз.

Бірімізге-біріміз,

Түсіп орын береміз. Бәріміз аулаға шығып, бірнеше ұлттық ойындар ойнаймыз. Деп балаларды серуенге алып шығып, ойындар ұйымдастыру. Қазір біз «Кім күшті?», «Кім жылдам», «Арқан тарту» ойындарын ойнайық. Ойнда жеңіске жетке тобына жалауша беремін. Қай топта жалауша саны көп болса, сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: «Кім күшті?».

Балаларды 2 топқа бөлу, топқа ат қою. 1-ші тобымыз «Қыран» тобы. 2-ші тобымыз «Көгершін» тобы. 2 топтың басшылары ортаға шығады. Қыран тобы:

Жас қырандар балапан,

Жайып қанат ұмтылған.

Көгершін тобы:

Бейбітшілік әніміз,

Бауырласпыз бәріміз.

1-ші ойын «Арқан тарту».

Шарты: Арқанның тең ортасына белгі бау тағылады. Жерге түзу сызық сызылады. Белгі бәудің төменгі ұшы тура сызық үстінде тұру керек. 2 топтың балалары арқанның екі жағынан ұстап, екі жаққа тартады. Белгі бау қай жаққа кетсе, сол топ жеңіске жетеді.

2-ші ойын: «Қаппен жарыс».

Шарты: Екі топтың басшылары қапты киіп, дайындалып тұрады. Тәрбиешінің нұсқауымен жалау тұрған белгіге дейін секіріп, кері қайтып келесі балаға береді. Жарыстан қай топ бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.

3-ші ойын: «Кім жылдам?».

Шарты: Екі топтың басшылары атқа мініп, тәрбиешінің нұсқауымен жал тұрған белгіге дейін шауып кері айналып келесі балаға береді.

Ат ерттеуге жарайық,

Жонына қамшы салайық.

Жорға мініп жарысып,

Бір тынығып алайық.

4-ші ойын: «Кім күшті?».

Шарты: Топ басшылары шығып, күш сынасады.

Кімдер күші, кім алып,

Күш сынасып байқайық

Білегімізді сыбанып,

Қарсыласты жығайық.

Жарайсыңдар балалар, екі тобымызда мықты екенсіңдер. Енді жалаушамызды санайық. Жеңіске жеткен топты марапаттау.

Қорытынды.

-Балалар қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ұлттық ойындардың түрлерін.

Түсінігі: қимыл-қозғалыс арқылы ден саулығына.

Көрсете білу: ойынға деген белсенділіктерін арттыру, еркіндікке, батылдыққа, тапқырлыққа, жылдамдыққа.

Тақырыбы: Бес ешкі ертегісі.

Мақсаты: «Бес ешкі» ертегісі оқылып мазмұны ашылады. Ертегіні тыңдай отырып баланың қиялын дамыту және байланыстыра сөйлеуін қалыптастыру. Суреттер арқылы балалардың тілін, ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қарым-қатынас ортасының кеңейуіне жағдай жасау, шығармашылық тілді дамыту. Балаларға халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ертегілер арқылы бүлдіршіндерді қызықтырып, оларды мәз-мейрам қуанышқа кенелтумен бірге жүйрік ой ұшқыр қиялға жетелеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік құрал: Бес ешкінін ұнтаспасы, ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі.

Шаттық шеңбер.

Армысың шапағатты Күн Ана! Армысың қайырымды Аспан Ана!

Армысың мейірімді Жер Ана!

Құт дарыт бар әлемді жарылқа!

-Балалар міне бүгін біз ертегілер әлемінде қонақтамыз. Осы уақытқа дейін көп ертегі-аңыздармен, әңгіме-жырлармен, өлең-шұмақтармен танысып, естіп білдік. Қане, есімізге түсірейікші қандай ертегілермен таныстық.

Тақтаға шығып жасырынып тұрған ертегіні табайық.

-Балалар ертегінің басы қалай басталады?

-Ертегілер бізге не үйретеді?

Ертегілерде көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Ертегідегі негізгі кейіпкерлер аң, құс, үй жануарлары болады. Оларда адам мінездері, адамға тән қасиеттер иесі болып келеді. Сол арқылы кей адамдарға тән дөрекі, арамызда қу мінез-құлықтар әшкерленеді. Еңбекті, батылдықты, адалдықты әңгімелейді, ал қиял - ғажайып ертегілерде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар орындалады. Олар жеті басты жыланмен, мыстан кемпірмен, небір құбыжықтармен күресіп, жақсы жақтарымен көрінеді. Жақсылық қашанда жамандықты женетінін көрсетеді.

Сергіту сәті:

Кәне, қызық ойындар

Қатарласа қойындар.

Отырындар, тұрындар,

Маған мойын бұрындар.

Қолымызды жаяйық ,

Құстай қанат қағайық.

Аяқты бір басындар,

Кәне, тағы, тағы да.

Қол соғайық жабыла

Кәне, тағы, тағы да.

Ал балалар бүгін біз ұнтаспадан жаңа ертегіні тыңдаймыз. Ертегінің аты «Бес ешкі».

-Балалар ертегі ұнады ма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер барекен?

-Ертегі жылдың қай мезгілін баяндайды?

Қой: Қозы, қозы, қошақан,

Көк шөп шықты жей қойшы.

Қой өсірген момақан,

Кіп-кішкентай мен қойшы.
Бес ешкі: Жалт-жұлт етіп лақ,
Жағалайсың бұлақ.
Секірем деп бірақ.
Қала көрме құлап.
Құла ат: Құлыншағым құндызым,
Құлдырайды шабады.
Жылтылдаған жұлдызым,
Құстай қанат қағады.
Қасқыр: Қасқыр жортар түнменен
Күндес болып күнменен.
Қасқыр жортар сайменен,
Араз болып айменен.
Қасқыр жортар ойменен
«Жолықсам, - деп, - қойменен».

Балалар қой, ешкі, құла ат төрт түлік малға жатады екен. Төрт түлік малдың аталарын атайықшы. Қой атасы-Шопан ата, ешкі атасы-Сексек ата, жылқы атасы-Қамбар ата, түйе атасы-Зеңгі баба, сиыр атасы-Ойсыл қара.

Көрініс: «Құла ат пен қасқырдың кездесуі».

Қасқыр: Құла ат мен сені жеймін. Құла ат: Сен қасқыр едің, мен ат едім, ең алдымен мені мына құдықтан шығар, батпағымды тазарт, содан соң артыма шығып отыр да, сөйтіп барып же. Онсызда өлейін деп жатырмын.

Қасқыр: Енді ары қарап тұр да иманыңды айта бер. Мен келістіріп құранымды оқимын да, келістіріп тұрып сені жеймін.

У-у-у.

Осы кезде құла ат қасқырды бір тебеді.

Қасқыр:

Тоқтыны жемеген қабылан басым-аууу,

Бес ешкіні жемеген бекзат басым-аууу,

Құла атты құдықтан шығарып палуан басым-аууу,

Артына шығып құран оқып, көз жұмар молда ма едім? Аууу

Қорытынды:

-Балалар ертегі ұнады ма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер барекен?

-Ертегі жылдың қай мезгілін баяндайды?

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегі мазмұнымен, төрт түлік малдың қалай аталу керектігін.

Түсінігі: ертегіні сахналау.

Көрсете білу: сурет арқылы сөйлем құрау.

Тақырыбы: Алдар Көсе мен бай.

Мақсаты: Балаларға Алдар Көсе туралы түсінік беру. Ертегі бойынша қойылған сұрақтарға дағдыландыру. Ертегімазмұнын өз қиялымен баяндауға диалогты сөйлеуге үйрету. Есте сақтау қабілетін тіл байлығын ой-өрісін дамыту рөлдерге бөліп ойнауға үйрету.

Көрнекілік құрал: Ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, суреттер.

Шаттық шеңбер

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ренжісуді білмейміз

Қуанамын мен де

Қуанасын сен де

Қуанайық, дотарым

Аралап атқан күнге.

Тәрбиеші сабақты сұрақтардан бастайды.

-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

-Өздерің білетін ертедегі қандай кейіпкерлер ұнайды? Неліктен?

-Бүгін Алдар Көсе туралы «Алдар Көсе мен бай» ертегісің тыңдайық.

Сақылдаған сары аязда түлкі тоны немесе қасқыр ішігі бар адамның ғана тоңбауы мүмкін. Ал Алдар Көсе шұрық тесік тонмен күн сайын тонатын.

Бірде ол жапан далада жортып келе жатып, қатты тоңды. Аяқ-қолының жаны кетіп, бет-аузы бозарып, бас сұғар жылы үйді армандады.

«Жаман ат-жердің соры». Иттің үргені естілмейді. Қақаған далада қатып өлмесем жарар еді.

Кенеттен алдынан бір атты көрінбесі бар ма? Аттың желісіне қарап, иесінің бай адам екенін біле қойды. Буы бұрқырап ыстықтап келе жатқан адамдай омырауын ашып тастап, әндете бастады. Жолаушы жолығып, аман-саулығын сұрайды.

Бай үстінде түлкі ішіктің өзінен тонып, бүрсең қағады. Ал Алдар Көсе бөркін бір шекесіне қисайта киіп, күн шуақта жылынып отырған адамдай сөйлейді.

-Сен немене тоңған жоқсың ба?

-Тоңсаң, сен тоңған шығарсың? Менің тонымды киген адам өмірі қыз-қыз кайнап жүреді-дейді Алдар Көсе.

-Мүмкін емес!-дейді бай.

-Немене, көрмей тұрсың ба?!

-Көрмейтін несі бар? Көріп тұрмын: шұрақ тесік.

-Мәселе сонда, сол шұрық тесікте. Бір тесіктен кірген жел лып етіп екінші тесіктен шығып кетеді. Ал жылу болса, өзімде қалады.

-Ішігінді маған сатсаңшы?-дейді бай.

-Сатпаймын! Мен онсыз үсіп өлемін!-дейді Алдар Көсе.

Алдар Көсе оның ұсынысын құлағына да ілмеген кісідей байға жоғарыдан қарайды.

-Ішігімді беремін, үстіне ақша қосып беремін –деп Алдарды қызықтырады.

-Маған ақшаның қажеті жоқ. Ақшаның орнына атынды берсең ойланаар едім.

Қуанғаннан бай бірден келісе кетеді. Ішігін шешіп, астындағы атынан түсіп береді.

-Алдар Көсе байдың ішігін киіп, жүйрік тұлпарына отырып, ысқырған желмен жарыса жөнеледі.

«Жолдың алыс-жақынын жорытқан біледі, дәмнің ащы-тұщысын тартқан біледі».

-Алдар Көсе деген кім?

-Ертегідегі оқиға қай кезде болған екен?

-Алдар Көсенің шапаны қандай болған екен?

-Алдар Көсе неге тоңды?

-«Жаман ат-жолдың соры» деп кімнің атын айтты?

-Алдар Көсенің алдынан кім шықты?

-Бай Алдар Көсеге не деді?

-Алдар Көсе байға не деп жауап берді?

-Алдар Көсе мен бай не туралы армандады?

-Ертегі қандай сөздермен аяқталды?

«Жолдың алыс-жақының жорытқан біледі, дәмнің ащы-тұщысын тартқан біледі». Балалармен жоғары, орта, төмен дауыспен 2-3 рет қайталау.

Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рольдер арқылы ойнату.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Алдар Көсе туралы, ертегі мазмұнын өз қиялымен баяндау.

Түсінігі: ертегіні тыңдап, мазмұнын түсіну.

Көрсете білу: диалогты сөздермен әңгімені рольдер арқылы ойнату.

Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі)

Мақсаты: ертегіні сурет бойынша әңгімелету, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру; балаларды адамгершілікке, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер, қажетті құралдар: түлкі мен қоянның суреттері, ертегі кейіпкерлерлерінің бетпердесі, түрлі түсті қарындаштар

Шаттық шеңбері

Адал, жақсы ниетпен
Бар адамға бақ тілеп,
Жарып шыққан жүректен
Сөздің бәрі- ақ тілек.
Балаларға жұмбақ жасыру:
Бұлаңдаған құйрығы,
Бар алдарлық қулығы.
Қалқиып ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады.

-Балалар, бүгін біз «Түлкі мен Қоян» ертегісімен танысамыз.

Ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіру.

Түлкі-жабайы аң, ол орманда жүреді. Өте қу, айлакер. Қоян- өз сыбдырынан да қорқатын қорқақ аң.

Сөздік жұмыс

Қу, айлакер деген сөздер алдайды деген мағынаны білдіреді.

Билингвальді компонент: түлкі-лиса, қоян- заяц, қу- хитрый.

Сұрақ-жауап

-Шаршап келе жатқан Түлкі нені көреді?

-Түлкі Қоянға не дейді?

-Қоян Түлкінің алдауына түсті ме?

Сергіту сәті

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің.

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

Дәптермен жұмыс

Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс жүргізу.

Ұйқасын тап

Кезіп жүріп өзекті,

Ұстап алдым...

Ертегінің мазмұнын қайталап сұрайды. Рөлге бөлініп ойнауға ұсыныс жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: ертегіні рөлге бөлініп ойнайды, аңдардың қимылдарын еске түсіреді.

Түсінеді: түлкінің қу аң екендігін, қоянның ақылдылығын түсінеді.

Қолданады: достарын ешқашан алдамай, бір-біріне көмек көрсетіп, тату болу керектігін біледі.

Тақырыбы: Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)

Мақсаты: балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, мағынасын айтып түсіндіру, ертегінің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау әрекетін дамыту, ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету, балаларды адамгершілікке, имандылыққа мейірімділікке тәрбиелеу.

Қажетті көрнекіліктер: Алдаркөсенің, Шықбермес Шығайбай мен оның үй-ішінің суреттері, түрлі-түсті қарындаштар, ертегі туралы бейнетаспа. Балаларға ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатып, әуенге сай билету. Қолыма сиқырлы таяқшаны алып, әр баланы түрлі ертегі кейіпкеріне айналдырамын.

Кіріспе әңгіме

-Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма?

- Ендеше мен сендерді Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиға туралы қызықты ертегімен таныстырамын.

Ертегіні мәнерлеп, мазмұнын балаларға түсінікті етіп оқып беру.

Ертегіні бейнетаспа арқылы көгілдір экраннан көрсету.

-Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.

Сараң- ешкімге ешнәрсе бермейтін, тек өзін ғана ойлайтын адам.

Сұрақ-жауап

-Шықбермес Шығайбай қандай адам еді?

-Оның үйіне кім қонаққа келеді?

Ертегі желісі бойынша Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбайдың сөздерін қайталату.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Бір, екі, үш!

Орнымызды табайық.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

Ертегіні сахналап, рөлге бөліп ойнайды.

Мақал жаттау

«Берместің асы піспес,

Қазаны оттан түспес»

-Шығайбайды Алдаркөсе қалай алдады?

Күтілетін нәтиже

Орындайды: ертегіні мұхият тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін еске түсіреді

Түсінеді: ертегі барысымен таныса отырып, Шығайбайдың сараң адам, Алдардың қу, айлакер екенін түсінеді.

Қолданады:ертегінің мазмұнын рөлге бөліп ойнайды, сахналайды.

ТақырыбыӘжемнің ертегілері.

Мақсаты: Қыс мезгілі туралы білімдерін пысықтау. Ерекшіліктерін айта білуге үйрету. Балалардың ертегі туралы түсініктерін кеңейту, тілдерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін сахналап үйрену.

Көрнекіліктер: Жабайы аңдар слайды, қыс мезгілінің суреттері, сиқырлы қаламды пайдалану.

Ертеңгілік шеңбер.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылып.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей бәріміз,

Салем дейік үлкенге.

-Бүгінгі оқу іс-әрекетімізге жылдың қай мезгілі екенін есімізге түсірейік.

-Қыс айларын маған кім айтып береді?

-Ал, балалар қыс мезгілі жайлы кім тақпақ біледі?

-Балалар қыс мезгілінің әр айының ерекшелігіне тоқталайық.

Қыстың бірінші айы желтоқсандағы өзгерістерді сұрау.

Ортаға әже келеді.

Әже: Амансындарма балаларым. Мен сендерге ертегі айтып беруге келдім.

Ертеде жан – жануарлар, құстардың барлығы сөйлейді. Сондықтан ертегі деп атаймыз. Алдымен жұмбақты қалай шешетіндерінді білгім келеді.

1. Тікен, тікен, тік пісте,

2. Қысы жазы бір түсте.

3. Терезеге қонады,

Әсем ою ояды.

4. Қыста ғана болады,

6Ұстасан қолын тонады.

-Біздің балалар жұмбақты жақсы шешеді екен.

Әже: Жарайсындар балалар. Енді сендерге ертегі айтып беремін. Ертегінің аты «Қызыл телпек». Әже сұрақ қоя отырып ертегінің мазмұнын түсінеді.

- Ал, біздің балалар сізге «Қоянның құлағы неге ұзын» деген ертегісін сахналап береді. Ертегіге қатысатын жабайы аңдар: қоян, аю, түлкі, қасқыр, кірпі.

- Баяғыда орманда аю, қасқыр, түлкі, қоян, кірпі тату тәтті өмір сүріпті. Қоян туған күніне достарын шақырыпты. Қоян өзінің әдемі көйлегін киіп, өзі әндетіп жүреді (дастархан әзірлеп қояды). Қоянның туған күніне кірпі келеді. Есікті тықырлатып кірпі келеді.

- Қоянның туған күніне қу түлкі келеді.

- Қоянның туған күніне қасқыр келеді.

- Достарының барлығы дастархан басында аюды күтеді.

- Осы кезде аю кешігіп жетеді.

- Аңдардың барлығы би билейді.

- Балалар ертегі ұнады ма?
- Енді бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ақ қоян ау, ақ қоян,

Үркек қоян, сақ қоян.

Дыбыс шықса қорқасың,

Белден бірақ асасың.

Қорқа берсең қояным,

«Үркегім» деп ат қоям.

- Енді осы ертегідегі жабайы аңдарға түсініктеме берейік.

- Аю жайлы не білесіңдер?

- Қоян жайлы не білесіңдер?

-Түлкі жайлы не білесіңдер

- Кірпі жайлы не білесіңдер?

-Балалар ойын ойнаймыз (доппен).Орман,ағаш,ауа ойынын ойнаймыз.

«Орман»-дегенде ормандағы жабайы аңдарды айтасыңдар. «Ағаш»- дегенде ағашта өсетін жемістерді айту. «Ауа»- дегенде құстардың атын айту. Допты қайтып беру.

Қорытындылау.

Сұрақ – жауап алу.

Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді айыра білу.

Болу керек: Жабайы аңдар жайлы бңлімдерін тереңдету.

Үйрену керек: Ертегіні жүйелеп айта білуге , сахналауға үйрену.

Тақырыбы: Сиқырлы тон (қазақ халық ертегісі)

Мақсаты: балаларды қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру.

Тапқырлыққа тәрбиелеу, балалардың ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.

Қажетті көрнекіліктер: Алдаркөсенің мен байдың суреттері, түрлі-түсті қарындаштар, ертегі туралы бейнетаспа.

Шаттық шеңбері.

Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Кіріспе әңгіме

Қонаққа екі ертегі кейіпкері келеді.

(олардың суреттері)

-Балалар бұл кейіпкерлер бүгінгі танысатын ертегіден келеді.

Ертегінің кейіпкерлері бір-бірімен дау- ласып, кімдікі дұрыс екенін шеше алмай тұрады. Олардың даулары қай- сысы тапқыр екендігін айтып келісе алмауда.

Бұл сөзді қалай түсінеміз, еске салайықшы: кез-келген жағдайдан жол тауып шығу, сәл қулау болып, жылдам шешім қабылдау.

Қазір мен сендерге Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиға туралы қызықты ертегіні оқып берейін.

Ертегіні мәнерлеп , мазмұнын балаларға түсінікті етіп оқып беру.

Мазмұны бойынша әңгіме

-Біздің кейіпкерлеріміздің аттары кім?

-Қалай ойлайсыңдар, қайсысы бай, ал қайсысы Алдар көсе.(суретті көрсету)

-Неге олай ойладыңдар?

-Алдар Көсенің тоны қандай еді, ал байдың тоны ше?

-Тесік тонның жылуы болмайтыны рас па? Неге?

-Алдар Көсе тесік тонның жылу беретініне байды қалай сендірді?

-Қай кейіпкерді тапқыр деуге болады?

Алдар көсенің байға зияны тиді ме?

-Ал, Алдар Көсе неге сонша жаурады?

-Есімізге түсірейікші,ертегі қалай басталып, қалай аяқталды?

Сергіту сәт

Алдар Көсенің қалай жаурағанын көрсетейік.

Енді байды көрсетейік.

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Бір, екі, үш!

Орнымызды табайық.

-Ертегі қалай аталады?

-Ертегіде қандай кейікерлер кездеседі?
Ертегіні сахналап, рөлге бөліп ойнайды.

Мақал жаттау

«Берместің асы піспес,

Қазаны оттан түспес»

Қорытындылау және талдау.

Кейіпкерлерге қарап:

-Түсіндіңдер ме, кімдікі дұрыс екен?

-Сендерге ертегі ұнады ма?

-Қай кейіпкер ұнады?

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: ертегіні мұхият тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін еске түсіреді.

Түсінеді: ертегі барысымен таныса отырып Алдар Көсенің тапқыр екенін түсінеді.

Қолданады:ертегінің мазмұнын рөлге бөліп ойнайды, сахналайды.

Тақырыбы: Жеті қазына.

Мақсаты: Балаларға жеті қазына туралы білім беру, шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру.

Көрнекілік құралдар: Жеті қазына қатысты суреттер

Балалар, «Жеті» дегенде сендерге қандай ой келеді?

1 аптада неше күн?

Жеті атаңды білесіз бе?

Жеті ұрпақ деп кімдерді айтады?

Оқушылар берілген мақал-мәтелдерде не туралы айтылған?

Бір аптада 7 күн бар.

- Жұмада 7 шелпек пісіреді.

- Жеті ата бар

- Жеті ана бар

- Жеті ұлттық аспап бар

- Жеті ғаламшар бар

- Жеті қазына бар.

- Қазақ халқының ұғымында жеті санының қасиетті, киелі сан екендігін білесіңдер ме?

- Қазақ халқында жеті саны киелі деп есептелген. Себебі, орта ғасырларда ғалымдар жеті күнге, жеті жұлдызға ат берген. «Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті ата, жеті ұрпақ, жеті байлық сөздері пайда болған. 17- ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті санының қасиеттігіне байланысты болған. Қайтыс болған адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу жетімен байланысты. Наурыз көжеге де жеті тағам салып пісіреді.

1. «Ер қанаты -

ат» деген қанатты сөз бар. Халқымыз төрт түлік малдың ішінде жылқыны ерекше бағалаған. Жылқының етін, қазы-қартасын жеп, қымызын ішкен, терісін пайдаланған. Жау шапса, бір-бір атқа мініп, дұшпанына тойтарыс берген.

2. Тазы – иттің бір тұқымы. Тазы итпен ата-бабаларымыз аң аулаған.

Тазы –

артық қырым еті жоқ ит. Онымен қасқыр, түлкі, қарсақ ұстаған. Ит адамға қолқанат болып, мал күзеткен.

3.

Ертеде аталарымыздың үйінде найза, айбалта, қылыш, мылтық болған. Дұшпандарын мылтықпен жеңген. Батырларымыз жауға осы қару – жарақпен шыққан.

4.

«Ер ел қорғаны» дейді дана халқымыз. Кең байтақ жерімізді, өзен, көл, орманымызды, көгілдір тауларымызды жаудан қорғап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ер бабаларымыздың өте болған, олар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек батыр, Жәнібек батыр т.б.

5. Әйел -

ол ана, жар, апа, қарындас. Ажарына ақылы сай, мінезге бай, еріне сүйеу бола білген, үйдегі балаларын мәпелеп, тәрбиелеп өсірген. Жақсы әйел - әрбір отбасының ұйтқысы, ырыс-берекесі.

6. Қыран бүркітті ата-

бабаларымыз балапан кезінен баулап, аң аулауға үйреткен. Қанаты қатайғанда қасқыр, түлкіге салған. Ал қасқыр, түлкінің терісінен тымақ, ішек, тон жасап киген.

7. Адам баласы пайда болғалы ілім-

білімге ұмтылып келеді. Осының арқасында машина, трактор, радио, теледидар, ұшақтар, компьютер дүниеге келді. Сондықтан ілім-білім, ғылымды игерсең еш қор болмайсыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жеті қазына не екенін біледі.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

Тақырыбы: Аңдар.

Мақсаты: Аңдар тіршілігі туралы түсінік беру. Аңдарды бір-бірінен ажырыта білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету.

Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындарды арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру, олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.

Көрнекілік құралдар: Аңдар, жабайы аңдар суреті

Шаттық шеңбер.

Білер қазақ баласы,

Сәлем- сөздің анасы.

Алдымыздан кезіккен,

Көп танысты көреміз.

Бәрінеде ізетпен,

Біздер сәлем береміз.

-Балалар, бүгін көңіл күйлерің қалай?

-Ендеше, жақсы көңіл күймен оқу іс-әрекетімізді бастайық.

Балалар бірге айтады.

Жақсы.

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Қыс мезгілінде немен ойнаймыз?

-Балалар, мына суретте нені көріп тұрсыңдар?

-Дұрыс айтасыңдар.

-Балалар орманда тіршілік етіп, өз қорегін тауып жейтін жануарларды «Жабай аңдар» дейміз. Олардың жүндері қалың болғандықтан қыста тоңбайды.

-Қыста аңдар немен қоректенеді?

-Қояндар қысқа азық даярламайды. Қоян ағаштардың бұталарын кеміріп жеп күн көреді. Түлкінің мұрны өте иісшіл, құлағы жақсы естиді. Ол қарды иіскелеп, қар астындағы тышқанның дыбысын естіп қояды. Түлкінің қысқы азығы – тышқан. Ал аю қысқа азық жинайды. Денесіне май жинап алып, қыс бойы табанын сорады.

Қасқыр жортып жүріп, өз азығын тауып жейді. Арыстан-үлкен, мықты, әдемі жүні бар. Оның тістері және тұяқтары өткір.

-Балалар, осы жабайы аңдардың ішінде орманда мекендемейтін бір аң бар.

Ол қандай аң?

-Дұрыс айтасыңдар.

-Жарайсыңдар.

-Иә, ол-арыстан екен. Арыстан –ыстық елде мекендейді.

«Ғажайып сәт»

-Бізге, балалар, орманнан түлкі келді.

Түлкі: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сендерден көмек сұрап келдім.

-Балалар, көмектесеміз бе?

Саған не көмек керек?

Түлкі: Мен орманнан келе жатып сандық тауып алдым. Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін тапсырмаларды орындау керек.

-Олай болса, балалар тапсырмаларды орындауға дайынбыз ба?

1-тапсырма. «Жабайы аңдарды сипаттау»

-Аю туралы қандай ертегі білесі

-Түлкі қандай ертегілерде кездеседі?

-Қасқырдың құлағы қандай пішінге ұқсайды?

-Қоян нені жақсы көреді

-Арыстанды ертегілерде не деп атайды?

2-тапсырма. «Кім жылдам?»

1. Ең айлакер аң?

2. Ең қорқақ аң?

3. Балды жақсы көретін?

4. Аң патшасы?

5. Қораға шабатын аң?

Жарайсыңдар.

3-тапсырма. «Балаларын ата»

-Балалар, енді жабайы аңдардың баласын атаңдар.

4-тапсырма. Дидактикалық ойын: «Көңілді дөңгелектер» Шарты: дөңгелектердің арасынан аңдарды тауып айту.

5-тапсырма. «Буынұйқас жаттығуы»

Сергіту сәті:

Біз орманға барайық,

Жан-жағымызға қарайық.

Аю шықты қорбандап,

Қасқыр шықты ырылдап.

Түлкі шықты майысып,

Қоян шықты секіріп.

Қорықпаңдар балалар,

Қарап-қарап алыңдар.

Жарайсыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Аңдардың түрлерін біледі.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

Тақырыбы: Ертегі еліне саяхат.

Мақсаты: Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекілік құралдар: ағаштар, ойыншық жәндіктер, үлкен жапырақ.

Шаттық шеңбер:

Дөңгеленіп тұрайық

шеңберді біз құрайық

Қол ұстасып бәріміз

Ақ тілекті жолдайық

Әлемде нұр тыныштық

Әрбір бейбіт күн ыстық

Қайырлы таң балабақша

Қайырлы күн достарым

Достарымды көргенде

Қуана қарсы аламын

Сәлем! Сәлем! Сәлем

Бауырсақ секіріп топқа кіреді.

Балалардан сұрайды:

- Мен кіммін?

- Мен кімнен қаштым?

Балалар: Сен бауырсақсын, атадан, әжеден, қояннан, қасқырдан, аюдан қаштын.

Тәрбиеші: Ал сені түлкі жеп қоймады ма?

Бауырсақ: Мен оны алдадым, түлкінің тұмсығына отырмадым деп айтып береді. Сіздің балаларыңыз өте ақылды екен, олар маған қайда барғандарын айтып бере алады ма? Сендер не көрдіңдер, не істедіңдер? Егер сендер маған толық жауап берсендер, мен сендерге сыйлық беремін.

Балалардың жауабы:

- Біз сиқырлы пойызға отырдық.

- Ертегілер еліне саяхатқа бардық.

- «Шұбар тауық», «Шалқан», «Үйшік» ертегісін еске түсірдік.

- Шұбар тауыққа тары жасадық, Аюға үйшік жасадық, сергіту сәтін орындадық, қайтадан топқа келдік.

Бауырсақ: Мен өз ертегіме барайын, ал есіктің артында сендерге сыйлығым бар, ол сендерді күтіп тұр.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ертегілер түрлерін біледі.

Болу керек: Жаңа сөздің мағынасының болуы.

Үйрену керек: Сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтың шешуін табуды.

Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.

Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

**«Өнерлі екен он саусақ» вариативтік компонентің
күнтізбелік жоспары**

р/ с	Айы	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сағат саны
1	Қыркүйек 1 апта	Ұшақтар бүктеу	Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.	Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар	1
2	Қыркүйек 2 апта	Аққулар қол еңбегі	Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар	1
3	Қыркүйек 3 апта	Сиыр сурет салу	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.	Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз	1
4	Қыркүйек 4 апта	Паровоз мүсіндеу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.	Сюжетті суреттер, ермексаз	1
5	Қазан 1 апта	Әтеш пен бақа жапсыру	Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат	1
6	Қазан 2 апта	Алтын балық қол еңбегі	Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген)	1
7	Қазан 3 апта	Қайық бүктеу	Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	Қағаз, қайықтың суреті	1
8	Қазан 4 апта	Қашқаргүл (астра) мүсі	Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Қашқаргүлдің суреті, ермексаз	1

9	Қараша 1 апта	Арыстан жапсыру	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы	1
10	Қараша 2 апта	Аққала қол еңбегі	Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	«Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер	1
11	Қараша 3 апта	Үйрек мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
12	Қараша 4 апта	Түймедақ бүктеу	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1
13	Желтоқсан 1 апта	Қысқы киім . қол еңбегі	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	1
14	Желтоқсан 2 апта	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1
15	Желтоқсан 3 апта	Досыма сыйлық мүсіндеу	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Сюжетті сурет, ермексаз.	1
16	Желтоқсан 4 апта	Қалампыр қол еңбегі	Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1
17	Қаңтар 1 апта	Тату жанұя (мүсіндеу)	Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
18	Қаңтар 2 апта	Қоңыраугүл сурет	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.	Қоңыраугүл салынған суреттер	1
19	Қаңтар 3 апта	Қояндар бүктеу.	Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.	Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар	1
20	Қаңтар 4 апта	Молшылық, береке	Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік	«Күз» туралы суреттер	1

		түрлі материалдар	ережелерін сақтауға дағдыландыру.		
21	Ақпан 1 апта	Бақа бүктеу	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Тақырыптық суреттер	1
22	Ақпан 2 апта	Қаздың балапаны қол еңбегі	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1
23	Ақпан 3 апта	Бак - бак қол еңбегі	Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату.	Тақырыптық суреттер	1
24	Ақпан 4 апта	Балықтар. мүсіндеу	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
25	Наурыз 1 апта	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Тақырыптық суреттер	1
26	Наурыз 2 апта	Гүлдер әлемі сурет	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.	1
27	Наурыз 3 апта	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1
28	Наурыз 4 апта	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
29	Сәуір 1 апта	Қайықша. бүктеу	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті	1
30	Сәуір 2 апта	Қонжық (қол еңбегі)	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу,	Қонжықтың суреті.	1

			балалардың ой-қиялын дамыту.		
31	Сәуір 3 апта	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері	
32	Сәуір 4 апта	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Құстардың суреттері.	1
33	Мамыр 1 апта	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрнекі суреттер	1
34	Мамыр 2 апта	Шалғын шөптер (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	1
35	Мамыр 3 апта	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1
36	Мамыр 4 апта	Көрме ұйымдастыру	Ата-аналармен көрме ұйымдастыру		1
Барлығы					36

Тақырыбы: Ұшақ

Мақсаты: Балаларға ұшақ туралы әңгімелей отырып, «Ұшақ» туралы тақпақ жаттату. Ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасауға үйрету.

Көрнекіліктер: ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін
Жерге сәуле жайылды.
Неткен ашық күн бүгін,
Қайырлы таң, қайырлы!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Жұмбақ:

Ақ сұңқар құсым келеді.
Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ)

-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?

- Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме?

-Ұшақ қандай көлік түрлеріне

жатады?

Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады.

Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз.

Сергіту сәті:

Инелік-ау, инелік,
Инелікке тимелік,
Тік ұшақты жасадық,
Иналіктен үйреніп.
Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорыту:

Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.

Тақырыбы: Аққулар

Мақсаты: Балаларға «Аққу» құсымен таныстырып, тақпақтар жаттату.
Аққудың бейнесін картон қағазға ұсақ қағаздардан желімдеу арқылы жасау.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін
Жерге сәуле жайылды.
Неткен ашық күн бүгін,
Қайырлы таң, қайырлы!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Жұмбақ:

Садақша мойнын иілтiп,
Көрген жанды сүйiнтiп,
Жүзгенде көлдің сәні өзі,
Судағы құстың нәні өзі.
Жердегі құстың серкесі;
Көктегі құстың еркесі. (Аққу)

-Қандай құстың түрлерін білесiңдер?
-Аққу қандай құсқа жатады?
-Аққу қайда мекендейдi?

Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Аққуды атуға болмайды.

Мақал:

Аққуды атпа,
Досыңды сатпа.

Бүгін біз осы аққудың бейнесін өз қолымызбен еңбек етіп жасайық. Жасалу жолымен түсіндіріп өтейін.

-Картон қағазды алып аққудың бейнесін саламыз, сосын барып қиамыз. Ұсақ ақ қағазды жырту әдісін пайдаланып, аққудың қауырсынын жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,

Жинап алып күш.

Біз ұшамыз кептерше

Қолымыз жерге жеткенше.

Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорыту:

Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.

Тақырыбы: Паравоз.

Мақсаты: Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексаздан мүсіндеу. .

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,
Алмадай тәтті,
Доптай көңілді,
Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Жұмбақ:

Күндіз-түні күрсінеді,
Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз)

Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,
Алмадай тәтті,
Доптай көңілді,
Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Жұмбақ:

Күндіз-түні күрсінеді,
Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз) Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер алыс жолдарға шыққан кезде қандай көлік түрлерімен барғанды ұнатасыңдар.

Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз.

Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін.

-Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін

мүсіндейміз.

-Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз. .

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,

Жинап алып күш.

Біз ұшамыз кептерше

Қолымыз жерге жеткенше.

Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,

Алмадай тәтті,

Доптай көңілді,

Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Қорыту:

Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.

Тақырыбы:Әтеш пен Бақа

Мақсаты: Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

Әдіс-тәсілдер:түсіндіру, көрсету, бекіту.

Шаттық шеңбері:

Отырған аппақ бір қоян,

Неткен сапсақ бұл қоян.

Құлақтары деленде,

Әр дыбысқа елеңдеп.

Қоян жаурап суықта,

Отырсың не күзетіп,

Аяқтарың сіресіп,

Табаныңнан сыз өтіп Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау.

Жұмбақ: Таңдайлары тақылдап,

Шулайтын кім шалшықта.

Бірін-бірі мақұлдап.

(Бақа) -Бақа туралы кім тақпақ біледі?

- Бақаның қандай түрлерін білесіңдер?

- Бақа қайда мекен етеді?

Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді.

Шешуін табу, есте сақтау. Балалардың жауаптары

-Бақаның түсі қандай? -Пішіні қандай? Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар.

Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.

Сергіту сәті: Бақа, бақа, балпақ

Басың неге жалпақ.

Темір телпеккөп киіп,

Басым содан жалпақ.

Бақа, бақа, балпақ

Көзің неге тостақ,

Көрінгенге көп қарап,

Көзім содан тостақ.

Бақа, бақа балпақ,

Бұтың неге талтақ,

Су ішінде көп жүзіп

Бұтым содан талтақ.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Қорытындылау: Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.

Тақырыбы: Алтын балық

Мақсаты: Балаларды ертегі оқып беріп, түсінгендерін әңгімелету. Тіл байлықтарын жетілдіру. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Өшекейлік арқылы көркемдік тәрбие беру.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі. Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,
Алмадай тәтті,
Доптай көңілді,
Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Балалар мен сендерге алдымен «Алтын балық» ертегісін оқып берейін.
Мұқият тыңдаңдар.

Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:

- Шал қайда барды?
- Өзенге не үшін барды?
- Шалдың қармағына не ілінді?
- Балық шалдың қандай арманын орындады?
Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін.
- Бүгін біз алтын балықтың бейнесін картонға салып алып, оны қиып аламыз.
Дайын болған балықтың желбезегін түрлі түсті моншақтармен безендіреміз.
Жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,
Жинап алып күш.
Біз ұшамыз кептерше
Қолымыз жерге жеткенше.

Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорыту:

Балалардың жасаған жұмыстарын талдау. Жақсы жасалған жұмыстардан кішігірім көрме ұйымдастырады.

Тақырыбы: Қашқаргүл

Мақсаты: Қашқаргүл туралы тақпақ оқып жаттату. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін жетілдіру.

Әдіс – тәсілдер: Тақпақ жаттату, түсіндіру, орындату, бекіту.

Шаттық шеңбер

Кел балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйген не керек,

Көңілді болып жүрейік.

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Жұмбақ Өз қандай нәзік,

Су құйсаң кетеді.

Алақанын жазып. (Гүл)

Гүлдер нәзік әдемі алуан түрлі болады.

Сонымен қатар жер бетіне көрік беріп тұрады. Гүлдер нәзік болғандықтан оны үзіп алғаннан кейін, өте ұзақ тұрмайды.

-Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?

-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?

-Гүлді кімдерге сыйлауға болады?

-Гүлдер қайда өседі?

-Мысалы далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз, қырда өсетін гүлді қыр гүлі дейміз, бақта өсетін гүлді бақша гүлі дейміз.

Соның ішінде бақша гүлінің бірі қашқаргүлмен танысамыз.

Тәрбиеші балаларға қашқаргүлдің суретін көрсетіп, таныстырады.

-Ал,балалар қашқаргүлмен таныстық,енді осы гүлді ермексаздың көмегімен мүсіндейік.

Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп,ермексазбен қашқаргүлдің жасалу жолдарын көрсетеді.

Сұрақтарға толық жауап береді.

Балалар суретке назар аударады, қашқаргүлмен танысады.

Балалар тәрбиешінің көмегімен қашқаргүлді мүсіндейді.

Орындаған жұмыстарын қарап, талдау жасайды. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, балалар өздері жасаған қашқаргүлдің жақсы жасалғанын, дұрыс орындалғанын атап өтеді. Балаларды мақтап, мадақтап жұлдызша сыйлайды.

Тақырыбы: Арыстан

Мақсаты: Балаларға арыстан туралы ертегі әңгімелеп беру, арыстанның жабайы аң екенін ұғындыру. Ертегінің мазмұнын білуге үйрету. Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсыру арқылы бейнелеу.

Көрнекіліктер: Арыстанның суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.

«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,
Алмадай тәтті,
Доптай көңілді,
Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

-Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?

-Аңдар қайда мекен етеді?

-Аң патшасын айтыңдаршы.

-Түлкі қандай аң?

-Қоян ше?

Дұрыс айтасыңдар, аңның

патшасы арыстан.

Үлгіге қарап, арыстанның бейнесін қалай жапсыру керектігіне назар аударыңдар.

Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтемін, сендер мұқият тыңдаңдар.

- Алдымен қоңыр түсті қағаз аламыз.

-Арыстанның басын қиып аламыз. Басының пішіні домалақ.

-Денесі сопақша.

- Құйрығы ұзын келеді.

-Аяқтарын қиып аламыз.

Осы қиындыларды енді ақ қағазға жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

Қорыту:

Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, қортындылауына мүмкіндік беру. алалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Тақырыбы: Үйрек

Мақсаты:балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы

үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Әдіс – тәсілдер: көрсету, түсіндіру,бекіту.

Шаттық шеңбері

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Қайырлы таң,

Қайырлы күн.

Күліп шықты күн бүгін!

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды үй құстарымен таныстыру

Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру.

Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру.

Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп.

Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз.

Жасалу ретін түсіндіріп айтады.

1. Қамырды алып үйректің бейнесін
2. Балалар іс – әрекетпен орындайды. Балалар жауап береді.
3. Мұқият тыңдайды. Балалар жұмыс жасауға

мүсіндейміз

4. Үйректің басын, көзін жасайды.

5. Үйректің мүсінін жасап, болғасын кептіріп акварель бояуымен үстін бояймыз.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрамыз

Қолды белге қоямыз

Бір отырып, бір тұрып,

Сәл тынығып аламыз.

Тәрбиеші жұмыстарын қадағалап, бағыт бағдар беріп мүсіндеуді аяқтатады.

Дидактикалық ойын:

Не артық?

Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балаларды мақтап, мадақтайды.

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: екі еселеп бүктелген шаршылардан дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құқала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру.

Көрнекіліктер: аққала бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаздар, кайшы желім, қолорамал.

Алдын ала балаларға жұмбақ жасырып, жұмбақтың дұрыс шешуінен кейін аққаланың суретімен жұмыс жасату.

Шаттық шеңбері:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Сурет бойынша жұмыс:

Өте дұрыс. Балалар ауладан қардан домалатып, Аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жатыр.

Аққала жасағанда қардан домалатып әртүрлі көлемде үш домалақ жасап алып, оларды бір-бірінің үстіне үлкенінен бастап орналастырып қойып алады. Сосын басына шелек кигізіп, бет-әлпетін жасайды. Қолдарын жасап, қолына таяқ немесе сыпырғыш іледі.

Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз.

Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар.

Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті қағаздан қиып аламыз.

Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз.

Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз.

Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз.

Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.

Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.

Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз.

Серіту сәті:

Қыздырайық денені,

Кел, балалар, кел бері.

Қыздырайық денені

Орнымыздан тұрып-ақ.

Балалар істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорыту:

Жұмыстың орындалу сапасына назар аудару. Жақсы жасалған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар жұмыстарын бағалау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Аққала туралы тақпақтар, жұмбақтар жатқа біледі;

Нені игерді: әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды игерді;

Нені біледі: .жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Тақырыбы: Түймедағы

Мақсаты: Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

Қолданылатын көрнекілік: түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал
Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу.

Шаттық шеңберін құру.

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығынбіз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.

- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?

-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ

Шаттық шеңберін құру.

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығынбіз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.

- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?

-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.

Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық.

Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу.

Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу.

Бөлшектерді белгі бойымен қию.

Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау.

Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру.

Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру.

Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру.

Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау.

Сергіту сәті:

Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,

Кейде оны жұлуға да қимаймыз.

Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,

Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.

Қортындылау.

Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

Нені біледі: гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

Тақырыбы: Тасбақаның суретін салып үйренеміз

Мақсаты: «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.

Көрнекіліктер: тасбақа бейнеленген суреттер.

«Тасбақа» туралы ертегі оқып беру.

Шаттық шеңбері:

- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Жұмбақ жасыру:

Аяғы бар басы бар,

Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)

-Тасбақа қайда өмір сүреді?

Шаттық шеңбері:

- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Жұмбақ жасыру:

Аяғы бар басы бар,

Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)

-Тасбақа қайда өмір сүреді?

-Не үшін тасбақа дейміз?

Жарайсыңдар балалар. Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді. Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын, басын жинап, бұғына қалады.

- Демек,балалар тасбақаның суретін саламыз.

Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру.

- Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз.

Сергіту сәті:

Бақа, бақа балпақ,

Басың неге жалпақ.

Бұтың неге талтақ,
Көзің неге тостақ,
Темір телпек көп киіп
Басым содан жалпақ.
Су ішінде көп жүзіп ,
Бұтым содан талтақ.
Көрінгенге көп қарап
Көзім содан тостақ.

Қорытындылау:

Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;

Нені игерді: тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;

Нені біледі: тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

Тақырыбы: Досыма сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.

Көрнекіліктер: сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.
«Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу.

Шаттық шеңбері:

- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.

Кел балалар ортаға!

Қайырлы таң достарым!

Достарымды көргенде!

Қуана қарсы аламын!

Қолымыздан ұстасып,

Жылулықты алайық.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Мақал-мәтелдер:

Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды.

Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.

Дос жылатып айтады,

Дұшпан күлдіріп айтады.

-Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?

-Балалар жан дос дегенді қалай түсінесіңдер?

-Балалар сендердің достарың бар ма?

-Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасыңдар?

Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексайдан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар.

Сергіту сәті:

Достарды біз қолдаймыз,

Қиын шақта қорғаймыз,

Біздің топта ұл-қыздар,

Тату-тәтті ойнаймыз.

Қорытындылау:

Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;

Нені игерді: ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Тақырыбы:Қысқы киім

Мақсаты:Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелеу, көрсету, ойын, бекіту.

Шаттық шеңбері

Достарды біз қолдаймыз,

Қиын жақта қорғаймыз,

Біздің топта ұл – қыздар,

Тату – тәтті ойнаймыз.

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады.

- Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз?

- Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата?

- Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген?

Олай болса балалар бүгінгі «Қысқы киімдер» - деп аталады.

Балаларға киімдер бейнеленген суреттер таратылады.

Мысалы: малақай – құлағы бар

Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды.

Балалар жауап береді.

Суретке назар аударады.

Сұрақтарға жауап береді.

Балалар киімдерге

жылы бас киім, құлақшын.

Сөздік жұмысын жүргізу

Ыс – ыс – ыс келді қыс,

Ақ – ақ – ақ біз тебеміз сырғанақ.

Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата түрлерін көрсетіп, таныстырады.

Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады. - Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз.

Сергіту сәті

Боран соғар оң жақтан,

Боран соғар сол жақтан.

Қолыңа қолғап кимесең,

Суық өтер жан - жақтан.

Балалардың қайшыны дұрыс ұстауына көмектеседі.

Қиылған қысқы киімдерді ақ қағазға дұрыс жапсыруға бағыт – бағдар беред

Дидактикалық ойын

«Қуыршақты киіндір»

- Біз бүгін немен таныстық?

- Қысқы киімдерді кім айтады?

- Не қиын болды?

Тақырыбы: Молшылық береке

Мақсаты: Балаларға молшылық, береке туралы ұғым беріп, нақыл сөздер

үйрету. Жеміс – жидектерді әр түрлі материалдардан жасау. Түрлі

материалдардан жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.

Әдіс – тәсілдер: Молшылық – берекені түсіндіру, көрсету, жасату, бекіту

Шаттық шеңбер

Армысың, көк Аспан!

Армысың, Жер Ана!

Армысың, жан досым!

Міне, қолым бос,

Жылуыма жылу қос.

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды күздің келбеті бейнеленген суретті көрсетіп таныстырады.

Күз туралы түсінік береді. Күздің бізге, берер ырысын, молшылығын, берекесін айтып түсіндіреді.

Ырыс алды – береке деген мақалға мән бергізіп түсіндіреді.

Күздің берер жемістерін, көкөністерін айтып, олардың атауларын ататыпайтады.

Дидактикалық ойын

«Көкөністер мен жемістер»

Ойын шарты:

Күздің берген байлықтары көкөніспен, жемістерді шашады, балалар соларды екі себетке ажыратып салу тиіс.

Ал, енді алдымызда әр түрлі материалдар бар, солардан біз, әркім өзі қалаған жемісін немесе көкөністерін жасаймыз.

Сергіту сәті

Бұғының үйі үлкен,

Терезеден қарады ол Қолы жүгіріп келеді

Достым, достым есік аш

Орман толы аңшы қаш Достым,

достым үйге кір

Менімен бірге өмір сүр-

Молшылық, береке деген сөзді қалай түсінеміз?

- Күздің берер сыйы қандай?
- Табиғи заттар ұнады ма?
- Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!

Тақырыбы: Әтеш пен Бақа

Мақсаты: Балаларға қазақ ертегілерін оқып беру. Сол ертегілер арқылы батыр, шыншыл, ел қамын ойлайтын ақылды болып өсуге талаптандыру.

Әдіс – тәсілдер: Ертегі оқу, түсіндіру, сұрақ – жауап, бекіту.

Шаттық шеңбер

Аспан түрді түндігін,
Жерге сәуле жайылды.
Неткен ашық күн бүгін
Қайырлы таң, қайырлы!
Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.
Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Жұмбақ: Қызылдан киген киім, басқа қалпақ

Саусағы төртеу болған емес жалпақ.

Үстіне неше түрлі тон жамылып,

Басады мас адамша талтаң – талтаң.

(Әтеш)

Балаларға әтеш пен Бақа туралы ертегі оқып беру.

Ертегідегі батырлық, шыншылдық, ақылдылық туралы балаларға түсіндірді.

Әтеш үй құстарына жатады.

Түсі әр – түрлі болады.

Әтештің тауықтан айырмашылығы маңдайында қызыл айдары бар.

Бақаның түсі жасыл, көзі үлкен, ол сулы аймақтарда өмір сүреді.

Осы ертегідегі әтеш пен бақаның бейнесін қағаз бетіне жапсырайық.

Мен сендерге үлгі ретінде жасалу жолын көрсетіп, жапсыру жұмысын тиянақты орындау керек.

Балаларға жабыстыру жолын көрсетеді.

Сергіту сәті

Дөңгелене тұрамыз

Керегені құрамыз.

Уықтар болып иіліп,

Шаңыраққа киіліп,

Достық үйін құрамыз.

Дайын болған жұмыстарды талдау,

және кішігірім көрме ұйымдастыру, қорытындылау.

Тақырыбы: Орманда

Мақсаты: Балаларға орман туралы әңгімелеу балалардың ынта – ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл – күй туындату.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Шаттық шеңбері

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Сәлем дейік үлкенге

Қосылып бірге айту

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды орманның суреттерімен таныстыру.

Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады?

1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты
2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты
3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты
4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты.

Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру

Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік.

Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның бейнесін жапсырамыз.

Сергіту сәті

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп – теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Балалардың жапсырған суреттерін тәрбиеші мұқият қарап, көмек керектеріне, көмектесіп, басқа балаларды мадақтайды

- Орман дегенімізді қалай түсінеміз?
- Төрт мезгілді атаңдар?
- Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді?
- Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!

Тақырыбы: Қайықша

Мақсаты: Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Шаттық шеңбер:

Жайқалып жапырақ,

Құлпырып қызғалдақ,

Тұратын көз тартып,

Жаз келді күн шуақ.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Көліктер үш түрге бөлінеді

. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі.

Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз. -

Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші?

-Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік. Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз.

Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін.

Сергіту сәті:

Жаз келіпті дегенше,

Алма пісті дегейсің.

Бағымызда ендеше

Алма тарту көбейсін.

Жаз келіпті дегенше,

Қарбыз пісті дегейсің,

Бақшамызда ендеше

Қарбыз жинау көбейсін.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған

балаларға көмек көрсетеді. Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. .

Тақырыбы: Қайық

Мақсаты: Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықты түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Шаттық шеңбер:

Жайқалып жапырақ,

Құлпырып қызғалдақ,

Тұратын көз тартып,

Жаз келді күн шуақ.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Көліктер үш түрге бөлінеді

. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі.

Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз. -

Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші?

-Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік. Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз.

Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін.

Сергіту сәті:

Жаз келіпті дегенше,

Алма пісті дегейсің.

Бағымызда ендеше

Алма тарту көбейсін.

Жаз келіпті дегенше,

Қарбыз пісті дегейсің,

Бақшамызда ендеше

Қарбыз жинау көбейсін.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған

балаларға көмек көрсетеді. Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. .

Тақырыбы: Қояндар

Мақсаты: Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету.

Көрнекіліктер: Қоянның суреті, түрлі қағаздар.

«Қоян» туралы ертегі оқып беру.

Шаттық шеңбері:

Отырған аппақ бір қоян,

Неткен сапсақ бұл қоян.

Құлақтары деленде,

Әр дыбысқа елеңдеп.

Қоян жаурап суықта,

Отырсың не күзетіп,

Аяқтарың сіресіп,

Табаныңнан сыз өтіп

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Кіріспе әңгіме

Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян)

-Балалар қандай жабайы жануарлар түрлерін білесіңдер?

-Аңдар қайда мекен етеді?

- Қоян туралы кім тақпақ біледі?

- Қоянның төлінің атауы қандай?

Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз.

Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.

Сергіту сәті:

Тұра, тұра суықта,

Қоян жаурап торықты.

Алайын деп жылынып,

Әрлі-берлі жорытты.

Секең-секең, секең-секең,

Секіріп жылынатын қоян екен,

Үркітті де бір ноян,
Зытып берді бір қоян.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Қорытындыдау:

Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: қоян туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: ермексازдан қоянды мүсіндеуді;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Тақырыбы: Бақа

Мақсаты: Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

Көрнекіліктер: Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

«Әтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру.

Шаттық шеңбері:

Отырған аппақ бір қоян,

Неткен сапсақ бұл қоян.

Құлақтары деленде,

Әр дыбысқа елеңдеп.

Қоян жаурап суықта,

Отырсың не күзетіп,

Аяқтарың сіресіп,

Табаныңнан сыз өтіп

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Шаттық шеңбері:

Отырған аппақ бір қоян,

Неткен сапсақ бұл қоян.

Құлақтары деленде,

Әр дыбысқа елеңдеп.

Қоян жаурап суықта,

Отырсың не күзетіп,

Аяқтарың сіресіп,

Табаныңнан сыз өтіп

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Жұмбақ:

Таңдайлары тақылдап,

Шулайтын кім шалшықта.

Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа)

- Бақа туралы кім тақпақ біледі?
- Бақаның қандай түрлерін білесіңдер?
- Бақа қайда мекен етеді?
- Бақаның түсі қандай?
- Пішіні қандай?

Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і

Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.

Сергіту сәті:

Бақа, бақа, балпақ

Басың неге жалпақ.

Темір телпеккөп киіп,

Басым содан жалпақ.

Бақа, бақа, балпақ

Көзің неге тостақ,

Көрінгенге көп қарап,

Көзім содан тостақ.

Бақа, бақа балпақ,

Бұтың неге талтақ,

Су ішінде көп жүзіп

Бұтым содан талтақ.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Қорытындылау:

Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;

Нені біледі: жұмыстың орындалу барысын.

Тақырыбы: Қаздың балапаны

Мақсаты: 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.

2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.

3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: әңгіме желісі туралы сурет.

Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.

1.Шаттық шеңбері:

Біздің топта ұд қыздар,
Тату тәтті ойнаймыз.
Әлемдегі бар балаға,
Тек жақсылық тілейміз.

1.Кіріспе әңгіме

Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады.

2. Сұрақтар мен тапсырмалар:

1.Шаттық шеңбері:

Біздің топта ұд қыздар,
Тату тәтті ойнаймыз.
Әлемдегі бар балаға,
Тек жақсылық тілейміз.

1.Кіріспе әңгіме

Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады.

2. Сұрақтар мен тапсырмалар:

3. Үй құстарын ата.

4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар.

Қолдарындағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып аламыз да оны ине-жіппен тігеміз.

Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін.

Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.

Сергіту сәті:

Сырға, сырға сырғалар,
Құлағыңда ырғалар
Оң қолымда білезік
Сол қолымда білезік
Қолға қалам аламын.
Әдемі сурет саламын.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді.

Күтілетін нәтиже: үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;

Нені білу керек: қаздың балапан

Нені игерді: бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Тақырыбы: Балықтар

Мақсаты: кесек ермексازдан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Өртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.

Керекті құралдар мен материалдар:Аквариумдағы балықтар, өртүрлі балықтардың суреттері, ермексаз, тақтайша, таяқша, қолорамал т.б. Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы

Доптай көңілді

Жүзіктей әдемі

Алмадай тәтті бол!

Жыл мезгілдеріне тоқталып өту.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райына бақылау.

Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

- Балықтар қайда өмір сүреді?

- Олар су түбінде немен қоректенеді?

- Балықтың қандай түрлерін білесіңдер?

Балалар барлығың келіндерші
аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық.

Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді?

Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар.

. Сзу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту.

Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз.

Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз.

Сзу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз.

Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз.

Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз.

Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз.

Сергіту сәті:

Көлдің беті кілегей,

Жер сап-сары бірегей.

Тырау-тырау тырналар

Түстікке бетті бұрды олар.

Қара суық жел есті,

Күннің көзі көмескі.

Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз.

Істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорытындылау:

Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже: Балықты мүсіндеу;

Нені білу керек: балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;

Нені игерді: ұқсатып жасауға дағдыландыру;

Тақырыбы: Анамызға сыйлық

Мақсаты: Балаларға «Ана» өлеңін оқып беріп, мазмұндау. Балалардың ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.

Қолданылатын көрнекіліктер: аналар мерекесі туралы

Аналар мерекесі бейнеленген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру.

1.Шаттық шеңбері:

Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өзінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының өздерін қала еркелетінін айтады.

Енді сендер аналарыңа жақсы тілектеріңді білдіріңдер.

. 2.Кіріспе бөлімі:

а) Сурет бойынша жұмыс.

Дәптердегі аналар мерекесін бейнеленген сурет арқылы түсінік беру.

Көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі. Бұл сендер сияқты бүлдіршін қыздарымыздың, әпкелеріңнің, ақ жаулықты аналарыңның, әжелердің мерекесі.

- Өмірде үш қадірлі зат бар, ол – күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.

- Мерекеде аналарыңа не сыйлағылырың келеді?

Ендеше балалар анамызға арнап сыйлық дайындайық.

-Алдымен гүлдің сабағын қоңыр түсті қағаздан қиып аламыз.

-Жасыл түсті қағаздан жапырақтарын дайындап аламыз.

-Түрлі түсті қағаздан алуан түрлі гүл күлтелерін қиып аламыз.

-Соңында дайын болған қиындыларды картонға ретімен жапсырамыз.

в)Д/о:«Кімніңдауысы,табайық!»

Шарты: балалар диктофон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының, әжелерінің сөздерін тыңдап, даусын танып айтады.

Сергіту сәті:

Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,

Кейде оны жұлуға да қимаймыз.

Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,

Шынжүректенаналарғасыйлаймыз.

Қорытынды:

- Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме?

- Аналарыңа қандай сыйлық жасайсыңдар?

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі екенін білу керек;

Нені игерді: өмірде үш қадірлі зат бар екенін түсінді;

Нені біледі: аналарға қандай сыйлық сыйлау керектігін

Тақырыбы: Гүлдер әлемі

Мақсаты: Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су, қылқалам, қолорамал.

Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау

Шаттық шеңбері:

Жаңбыр, жаңбыр жауасың,

Жанымызға дауасың.

Біз ойнайтын ауланың

Тазартасың ауасын.

Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Өзі сондай нәзік

Су құйсаң кетеді,

Алақанын жазып.

(Гүл)

Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.

- Гүлдер қайда өседі?

Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.

- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?

- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.

Суретке назар аудару.

- Суреттен не көріп тұрсыңдар?

- Мына гүлдердің аттары қандай?

- Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.

Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін.

Шаттық шеңбері:

Жаңбыр, жаңбыр жауасың,

Жанымызға дауасың.

Біз ойнайтын ауланың

Тазартасың ауасын.

Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Өзі сондай нәзік

Су құйсаң кетеді,

Алақанын жазып.

(Гүл)

Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.

- Гүлдер қайда өседі?

Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.

- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?

- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.

Суретке назар аудару.

- Суреттен не көріп тұрсыңдар?

- Мына гүлдердің аттары қандай?

-Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.

Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін.

-Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.

Сергіту сәті:

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап дем алам.

Қанатымды бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам.

Қорытынды:

Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.

Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Тақырыбы: Көлде жүзген аққу

Мақсаты: Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін
Жерге сәуле жайылды.
Неткен ашық күн бүгін,
Қайырлы таң, қайырлы!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.
Ай аттарын сұрау.
Апта күндерін атау.
Ауа райын бақылау.

Жұмбақ:

Садақша мойнын иілтіп,
Көрген жанды сүйінтіп,
Жүзгенде көлдің сәні өзі,
Судағы құстың нәні өзі.
Жердегі құстың серкесі;
Көктегі құстың еркесі. (Аққу)

Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды.

Мақал:

Аққуды атпа,
Досыңды сатпа.

Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз.

Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі.

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,
Жинап алып күш.
Біз ұшамыз кептерше
Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.

Қорыту:

Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді:

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

Тақырыбы: Алқаптағы гүлдер

Мақсаты: «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсыру.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері жапсырылған суреттер. Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау

Шаттық шеңбері:

Жаңбыр, жаңбыр жауасың,
Жанымызға дауасың.
Біз ойнайтын ауланың
Тазартасың ауасын.

Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Өзі сондай нәзік
Су құйсаң кетеді,
Алақанын жазып.

(Гүл)

Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.

- Гүлдер қайда өседі?

Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.

- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?

- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.

Шаттық шеңбері:

Жаңбыр, жаңбыр жауасың,
Жанымызға дауасың.
Біз ойнайтын ауланың
Тазартасың ауасын.

Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Өзі сондай нәзік
Су құйсаң кетеді,
Алақанын жазып.

(Гүл)

Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.

- Гүлдер қайда өседі?

Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.

- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?

- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.

Суретке назар аудару.

- Суреттен не көріп тұрсыңдар?

- Мына гүлдердің аттары қандай?

- Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.

Сергіту сәті:

Шаршағанда ырғалып,
Гүлге ұқсап дем алам.
Қанатымды бір қағып,
Гүлдей болып жайқалам.

Демек біз алдымыздағы кеуіп тұрған гүлдерді ақ қағазға жапсырамыз.
Міне, алқаптағы гүлдер де жапсырылып дайын болды.

Қорытынды:

Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы жапсырылған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.

Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

Нені игерді: кептірілген гүлдерден жұмыс жасауды;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете алады.

Тақырыбы: Қонжық

Мақсаты: Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Көрнекіліктер: әңгіме желісіне сай суреттер.

Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру.

Шаттық шеңбері:

Кел балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады»

Күліп өмір сүрейік!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.

Тәтті көрсе бас салар,

Айнымайды баладан. (Аю)

Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда,

далада өз бетімен өмір сүретін жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз.

Аюдың баласын қалай атаймыз?

Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз.

-қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз.

-ақ қағаз бетіне желіммен

жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Аю-маң-маң басады,

Түлкі бұлаң қағады,

Қасқыр ылаң салады,

Қоян үркіп қашады,

Күн сәулесі төгілді,

Орман іші көңілді

Қорытынды:

Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тактаға өздерінің ілулерін сұрау.

Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.

Тақырыбы: Құстар

Мақсаты: Балаларға «Құстар» туралы ертегі әңгімелер оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: құстар бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.

Табиғатқа қамқор боп,

Байлығын біз қорғайық.

Әдепті де, тәртіпті боп,

Жақсылығын қолдайық.

- Өз жерімізде қандай құстар кездеседі?

- Қандай құстардың түрлерін білесіңдер? Олар табиғатты неден қорғайды?

Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі.

Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік.

- Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер.

Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.

Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.

Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.

Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.

Құстың суретін бояймыз.

Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.

Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.

Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.

Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.

Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.

Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.

Құстың суретін бояймыз.

Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.

Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.

Сергіту сәті:

Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық,

Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.
Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық,
Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.
Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.
Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық,
Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.

Тақырыбы: Жаңбыр

Мақсаты: Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балаларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. «Жаңбырдың» суретін саусақ арқылы салу.

Көрнекіліктер: жаңбыр бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбер:

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығын біз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Жылдың үш мезгілінде де жаңбыр жауады. Өздерінде білесіңдер көктем мен күзде жаңбыр жиі-жиі жауады. Жаңбырдың мынандай түрлері болады, ақжауын, нөсер жауын, өткінші жауын. Ақжауын тоқтаусыз жауатын жаңбыр. Нөсер жауын құйып жауады. Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді.

Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз.

Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз.

Сергіту сәті:

Боран соқты гу-гу,
Найзағай жарқылдады топ-топ,
Жаңбыр жауды тырс-тырс,
Күн ашылды.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған б

Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.алаларға көмек көрсетеді.

Тақырыбы: Шалғын шөптер

Мақсаты: Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

Көрнекіліктер: шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбер:

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығын біз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде

Шаттық шеңбер:

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығын біз қорғайық.
Әдепті де, тәртіпті боп,
Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны тазартып тұрады.

Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз.

Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай балалар,

Үп-үлкен болып өседі. Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударыпу

Тақырыбы: Жайлауда

Мақсаты: Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбер:

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Жұмбақ:

Күндер ысып, шөп пісіп,
Ел пішенін орады.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады? (Жазда)

Шаттық шеңбер:

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Жұмбақ:

Күндер ысып, шөп пісіп,
Ел пішенін орады.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады? (Жазда)

Жаз мезгілі ең қызықты кезең. Жазда күн ыстық болады. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады.

Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз.

Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар.

Сергіту сәті:

Жаз келіпті дегенше,

Алма пісті дегейсің.

Бағымызда ендеше

Алма тарту көбейсін.

Жаз келіпті дегенше,

Қарбыз пісті дегейсің,

Бақшамызда ендеше

Қарбыз жинау көбейсін.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған

балаларға көмек көрсетеді.

Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.

Тақырыбы: Көрме ұйымдастыру

Мақсаты: Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру.

Көрнекіліктер: жайлау бейнеленген сурет.

Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.

Шаттық шеңбер:

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Жыл бойы қандай қол еңбегін жасадық? Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа», «Қаздың балапаны», «Бақ-бақ», «Балықтар», «Анамызға сыйлық», «Гүлдер әлемі», «Орманда», «Көлде жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер»

«Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер».

Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз.

Сергіту сәті:

Жаз келіпті дегенше,

Алма пісті дегейсің.

Бағымызда ендеше

Алма тарту көбейсін.

Жаз келіпті дегенше,

Қарбыз пісті дегейсің,

Бақшамызда ендеше

Қарбыз жинау көбейсін.

Балалардың жұмыстарының ордалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.

Тақырыбы: Заттарды топта

Мақсаты: Суретке қарап ойлау қабілетін дамыту. Заттарды топтауға үйрету.

Көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар

Балалар тақтадағы суретке назар аударайық. Кестені толтыру үшін жапсырма қағаз тандап алу керек.

Шаттық шеңбері:

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық.

Жерден нәр алайық

Алақанға салайық.

Күннен қуат алайық

Алақанға салайық.

Күш шуағын ,

Апайларға сыйлайық.

Балалар, олай берілген тапсырманы мұқият тыңдаймыз.

Балалар қай үстелде ойнап отыр, қай үстелде цифрлармен жұмыс істеп отыр?

-Олар нешеу, қайсылары көп?

-Неше орындық?

-Неше парта?

Келесі тапсырма кестені толтыру,

-алдымен ұяшықта неше нүкте барын анықта. Содан кейін суреттен заттардың осынша санын тап. Бір, екі, үш және адамы бар суретті таңда. Енді ұяшыққа орналыстыр.

Шаттық шеңбері:

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық.

Жерден нәр алайық

Алақанға салайық.

Күннен қуат алайық

Алақанға салайық.

Күш шуағын ,

Апайларға сыйлайық.

Балалар, олай берілген тапсырманы мұқият тыңдаймыз.

Балалар қай үстелде ойнап отыр, қай үстелде цифрлармен жұмыс істеп отыр?

-Олар нешеу, қайсылары көп?

-Неше орындық?

-Неше парта?

Келесі тапсырма кестені толтыру,

-алдымен ұяшықта неше нүкте барын анықта. Содан кейін суреттен заттардың осынша санын тап. Бір, екі, үш және адамы бар суретті таңда. Енді ұяшыққа орналыстыр.

«Ненің қайда орналасқанын тап» тапсырмасын орындайық.

Балалар өздерінің алдында, артында, оң және сол жағында, жоғарыда, төменде не орналасқанын анықтайды.

«Кім қайда тұрғанын тап» ойыны.

Менің қасыма 3 бала келіндер, мені айнала қоршап тұрады. Қалған балалар әркімнің тұрған орнын анықтайды.

«Не өзгереді?» тапсырмасы.

Үстел үстінде бірнеше зат жатыр, балалар заттарға қарап естеріне сақтап қалу керек, содан кейін көздерін жұмады, педагог заттардың орнын ауыстырып қояды. Балалар көздерін ашқаннан кейін қай заттың орны ауысқанын анықтайды.

Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп – кішкентай балалар,

Үп – үлкен боп өседі.

Заттар тобын санау жаттығуларының сан туралы түсіндірер ғой. Бұдан былай санау бірлігі ретінде жеке деген заттармен қатар заттар тобы қолданылады. Осылайша бірлік жекеден оқшауланады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: заттарды салыстыру арқылы тапсырманы орындай білу керек;

Нені игерді: тапсырманы орынадау арқылы;

Нені біледі: санау арқылы қанша, неше? Деген сұрақ қоя отырып, дамытты.

Тақырыбы: Сиыр

Мақсаты: Балаларға сиыр және оның адам өміріндегі пайдасы туралы әңгімелеп, таппак жаттату. Сиырдың суретін қарап салу. Балаларды көргенін өз беттерімен суреттеуге үйрету.

Қолданатын көрнекі құралдар: Сиырдың суреті, түрлі – түсті бояулар мен ақ қағаз.

Балалардың назарын тақтадағы суретке аудару.

Шаттық шеңбері

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп.

Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият тыңдаңдар!

1.Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз.

2.Салған суретті акварель бояумен баяймыз.

3.Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз.

4.Жұмыс орнын жинаймыз.

Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін!

Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып,

Бір тұрып.

Сәл тынығып алайық.

Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият тыңдаңдар!

1.Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз.

2.Салған суретті акварель бояумен баяймыз.

3.Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз.

4.Жұмыс орнын жинаймыз.

Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін!

Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Төрт түлік малдың атауларын!

Нені игерді: Сиырдың суретін салуды.

Нені біледі: Ұқыпты таза сурет салуды.

Тақырыбы: Қоңыраугүл

Мақсаты: «Қоңыраугүл» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, таныстыру, бекіту.

Шаттық шеңбер

Балалар жиналды бір топқа

Сен менің, мен сенің досыңмын

Қане, қолды бер досым,

Бірге ойнайық қуана.

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады.

Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады.

Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді. Дала гүлдері – далада өсетін гүлдерді айтады.

Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады.

Бақша гүлдері деп – бақшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады. Осы гүлдердің бірі қоңыра гүлді бүгін біз суретін саламыз.

Қоңырау гүл деп қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз. Енді осы гүлді салуға кірісейік.

Ал қағаз бетіне бірінші жәй қаламмен гүлдің бейнесін салып алайық.

Сосын артынан акварельмен бояймыз.

Сергіту сәті.

Күндей болып күлеміз Гүлдей болып өсеміз Құсатар болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз Ал ары қарай суретімізді аяқтайық. - Қандай гүл атауларын білесің - Гүлдер қаншаға бөлінеді екен - Әді салынған гүлдерді көрмеге апарып қояйық!

Тақырыбы: Бақ-бақ

Мақсаты: Балаларға бақ-бақ туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Гүлді ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру

Шаттық шеңбер:

Табиғатқа қамқор боп,

Байлығын біз қорғайық.

Әдепті де, тәртіпті боп,

Жақсылығын қолдайық.

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші.

Айнала жасыл сары гүлдермен жайқалып тұр.

Қане, балалар енді біз «Бақ бақтың» суретін саламыз. Бақбақты ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай балалар,

Үп-үлкен болып өседі.

Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді

Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.

Тақырыбы: Қалампыр

Мақсаты: Балаларға қалампыр гүлінің қағаздан жасалу жолын таныстыра отырып, гүл туралы мағлұмат беру.

Әдіс-тәсіл: үлгі, гүл суреті, семантикалық картасы

Шаттық шеңбері

Қуан, шаттан!

Қуан, шаттан!

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін.

Қалампыр (*Dianthus*) — қалампырлықтар тұқымдастарына жататын біржылдық және көпжылдық өсімдіктерінің бір туысы. Қалампырдың Азияда, Африкада, Еуропада шөп және бұта болып өсетін 300-дей түрі бар. Солардан бұрынғы КСРО жерінде өсетіндері — 80. Қалампыр топтанып өседі. Гүлінен эфир майы алынады. Қалампырдың бірнеше түрі декорация ретінде теплицаларда, құмыраларда өсіріледі. Кейде шала бұта түрінде де кездеседі. Қазақстанның далалық аймақтарында, су алабындағы шалғындарда, тасты төбе баурайында, шалғынды тау бөктерінде өсетін 29 түрі бар. Бұлардың биіктігі 15 – 50 см-дей, жапырағы таспа немесе қандауыр тәрізді болады. Қалампыр туысының өзіне тән ерекшелігі – бірігіп кеткен тостағанша жапырақшаларының түбі қабыршақтанып келіп, гүл жапыраққа жабысып тұрады. Көбінесе қызыл, қызғылт, ақ, ала түсті, хош иісті, дара гүлдері сабағы мен бұтағының басында жетіледі. Гүл жапырақшаларының шеті тілімденген не ара тісті ирек. Көбелектермен тозаңданады. Маусым – тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – көп тұқымды қауашақ. Қытай, түрік, бақша, гренадин, Шабо қалампырлары Қазақстанның гүл өсіретін шаруашылықтарында әсемдік үшін өсіріледі. Ала қалампыр мен қытай қалампыры халықтық медицинада және парфюмерияда пайдаланылады. Емдік мақсатта өсімдіктің жер үстіндегі бөлігін гүлдеп тұрған кезінде жинайды.

Қалампыр.

Жайлауда жел тербесе,

Иісіңе дала аңқыр.

Бақшадан да мен неше,

Көрдім сені Қалампыр.

Ежелден халық бұл гүлді,

Жалқауларға қимайды.

Қорғайтын елді, үлгілі,

Батырларға сыйлайды.

Қызыл, сары гүл көрдім,

Ағы да бар не түрлі,

Қалампыр гүл гүлдердің
Ардагері секілді.

Сергіту сәті.

Балалар, бір сәт біз де гүл болып жайқалып тербелейікші.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,

Өсе берші жайқалып.

Тақырыбы:Тату жанұя

Мақсаты: Жанұя мүшелерінің аттарын ажырата білуге үйрету

Әдіс-тәсілі:

Дидактикалық ойындар, ватман,гуашь, балабақша қызметкерлерінің суреттер
Мотивациялық-қозғаушылық1.

«Менің лақап есімім» ойынын ұйымдастыру.Балалар туыстарының еркелетіп айтатын лақап есімдерін атайды.

Ұйымдастыру-іздігіру

Рефлексивті-түзетушілік

Сұрақ-жауап:

-

Балалар қалай ойлайсындар, неге олар сендерді осылай лақап аттармен атайды?

«Интервью» ойынын ұйымдастыру.

«Салыстыр» ойынын ұйымдастыру.

«Керісінше айт» ойынын ұйымдастыру.

«Менің отбасым қандай ?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру

Сенің отбасың қандай? Сұрағын қойып тұрады.

«Жылы лебіз» ойыны арқылы қорытындылау.

-Өйткені олар бізді жақсы көреді.

Балалар өз әке,шеше, ата, әжелерінің, қарындас, аға, інілерінің аттарын, олардың қайда тұратындары туралы сыйқырлы микрофонға әңгімелеп айтады.

2 сурет тандап алып, салыстырмалы айтады. Мынау-әже, мынау-әке. Әженің жасы -үлкен, әкенің жасы-кіші. Кері атап айтады:

Аға-жас, ата-кәрі; әке-ұзын-қарындас –аласа;

Баланың жауабы:

Менің отбасым-үлкен,

Менің отбасым-тату,

Менің отбасым-көңілді.

бала өз отбасына жылы лебіздер айтып, ұшырады.

Күтілетін нәтиже:

Отбасы мүшелерін атауды.

Нені игереді:

Туыстық қатынас сөзінің мағынасын ұғады.

Нені біледі:

Отбасы мүшелерін атауды.

Тақырыбы:Қайық

Мақсаты:Балаларға түрлі геометриялық пішіндерден кеңістікті бағдарлай отырып, қайық бейнесін жабыстыра білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ойындар арқылы балалардың сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Әдіс-тәсілі:Түрлі-түсті қағаздар

Шаттық шеңбері:

Амансыңба, Алтын күн!

Амансыңба , Жарқын күн!

Маған жылу, жарық бер

Қуаныш пен шаттық бер!

Мезгілге тоқталу:

Балаларға слайд көрсету: көлік түрлері. Тақырыпқа тоқталу. Балалардан көліктер туралы тақпақтарын сұрау.

Ғажайып сәт:

Саяхатшы Дара телефон соғып, өзіне көмек қажет екенін хабарлайды. Балалардан көмек көрсетуін өтіну

Балалар үш орталыққа бөлініп кеме бөліктерін жапсырады.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар

Үлкен болып өседі!

Көмек керек болған балаларға көмектесу. Балалардың жұмыстарын тақтаға іліп, мадақтау. Балалардың қалай, кімнің жасаған жұмыстары ұнағанын сұрау

Дидактикалық ойын: «Көліктер қайда жүреді?»

Мақсаты: Көлөк түрлерін ажырата бөлуге және кеңістікті бағдарлауға үйрету.

1. Өуеде жүретін көліктерді ілу
2. Жерде жүретін көліктерді ілу
3. Суда жүретін көліктерді ілу

Дидактикалық ойын: «Суретке қарап әңгіме құрастыр»

Мақсаты: Суреттер арқылы балаларға әңгіме құрастыруға үйрету, сөйлеу қабілеттерін дамыту

Дидактикалық ойын: «Сурет құрастыр»

Мақсаты: Қиынды бөліктерден қайықты құрастыру. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, шапшаңдыққа баулу.

Қорытынды: Балалар бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Нені жабыстырдық? Кімге көмектестік? Бүгінгі оқу қызмеунадыма?

Балаларды белсенділігіне қарай бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суда жүзетін қайықты

Түсінеді: қайық, кеме , су көлік түрлерімен танысады, ажырата алады

Қолдана алады: түрлі қию, жабыстыру тәсілдерін

Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.

Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Шебер қолдар» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентің
күнтізбелік жоспары:

	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Қағаздан не құрастырылады?»	1
2	«Мысық пен тышқан»	1
3	«Саңырауқұлақ» оригами	1
4	«Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»	1
5	«Досыма арналған альбом»	1
6	«Гүлдер» қағаздан біріктіру	1
7	«Ит»(табиғи материалдармен)	1
8	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» оригами	1
9	«Жұлдызқұрт»	1
10	«Кірпі»	1
11	«Балық»	1
12	«Шырпы қораптарынан машина жасау»	1
13	«Сандықшы»	1
14	«Жол белгілері» пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	1
15	«Рамкалар жасау»	1
16	«Шырша»	1
17	«Жаңа жылдық безендіру»	1
18	«Аққала»	1
19	«Қуыршақ театры»	1
20	«Пингвин»	1
21	«Өз бетінше жұмыс»	1
22	«Үй»	1
23	«Көңілді шеберхана»	1
24	«Аналарға сыйлық»	1
25	«Көбелек»	1
26	«Қамша өру»	1
27	«Құстар ұясы»	1
28	«Желкенді қайық»	1
29	«Ұшақ»	1
30	«Табиғи материалдармен жұмыс»	1
31	«Үйрек» оригами	1
32	«Көгершін»	1
33	«Мимоза таяқшалары»	1
34	«Кеме» оригами	1

35	«Тасбақа»	1
36	Шығармашылық көрме ұйымдастыру	1
	Барлығы	36

Тақырыбы: «Қағаздан не құрастырылады?»

Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаздан қиылған жолақтар (ені 5см),ақ қағаз (А4),желім,қайшы,қолорамал,қылқаламдар.

«Кім шапшаң?» ойыны

Тақтайшаның үстіне геометриялық пішіндерден бүтін бейне құрастыруды (түлкі,пирамида,кітап) ұсынады.

«Сүйікті ойыншығым» тақырыбында балалармен әңгімелеседі.

Үлгі суретпен жұмыс

Жапсыру арқылы әртүрлі ойыншықтардың (арасында пирамида) үлгі суреттерін көрсетіп,балаларға сипаттатады.

Пирамида ойыншығын жапсыруды ұсынады.

Жапсыру жолын көрсетеді:

- қайшыны дұрыс ұстап ,қағаздан түрлі көлемдегі сопақшалар қию;
- үлкенінен бастап,реттілікті сақтай отырып,сопақшаларға желім жаққызып,қағаз бетінің ортасына жапсырту;

Сергіту сәті

Қане,кімнің бойы ұзын?

Паравозы ол пойыздың.

Қатар-қатар тұрайық,

Пойызды біз құрайық.

- дайын бейнені сүлгімен басу.

Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап,жақсы қатысқандары үшін мадақтап,оқу іс-әрекетін аяқтайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек? Қағаздың қасиетін.

Нені игереді? Түрлі көлемдегі сопақшалардан пирамида жапсыруды.

Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»

Мақсаты: Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.

